



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

2-БЕТ



ҰЛТ ҰСТАЗЫ

4-БЕТ



КӨЗІЛДІРІКТІ БАЛА КӨБЕЙДІ. НЕГЕ?

8-БЕТ

МЕРЕЙТОЙ



ҚҰРМЕТ БИІГІ

Қазақстанның халық жазушысы Валерий Михайлов
I дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халық жазушысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Валерий Михайловты отандық әдебиеттің дамуына қосқан айрықша үлесі үшін I дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Валерий Федорович Михайловты 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мемлекеттік награда – I дәрежелі «Барыс» орденін және құттықтау хатын табыс етті.



Президенттің құттықтауында Валерий Михайловтың көпжылдық жемісті еңбегі, отандық журналистика мен әдебиетті дамытуға қосқан елеулі үлесі атап өтілді. Мемлекет басшысы табиғи таланты мен сирек кездесетін еңбекқорлығы мерейтой иесінің үлкен әрі табысты шығармашылық жолының негізіне

айналғанын ерекше атады. «Әдебиет жолында Сіз көрнекті ақын әрі жазушы ретінде өзіңізді таныта білдіңіз. Қызықты шығармаларыңыз отандық мәдениеттен лайықты орын алды. Деректі прозаңыз арқылы халқымыздың тарихи өткенін зерделеуге зор үлес қостыңыз. Поэзиялық жолдарыңыз бірнеше буын оқырманының лайықты қызығушылығына ие болып, бүгінде еліміздің әдеби мұрасының ажырамас бөлігіне айналды», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Дархан Сатыбалды Валерий Михайловқа зор денсаулық, амандық, сарқылмас шабыт және шығармашылық табыс тіледі.

(Жалғасы 5-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Қоғам мен билік арасындағы жаңа көпір

Қыркүйектің екінші жартысында Қазақстан Халық Кеңесі жасақталады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 28 тамызда Құрылтайдың бірінші сессиясында мәлімдеген еді. Халық Кеңесі Қазақстан тарихындағы конституциялық деңгейдегі тұңғыш жоғары консультативтік орган. Президенттің айтуынша, Кеңес елдің этникалық, аймақтық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстырып, заңнамалық бастама көтеру құқығына ие болады.

Маңызды институт

Қазақстан Халық Кеңесінің пайда болуын тек кезекті консультативтік органның құрылуы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оның құқықтық мәртебесі Конституцияның жеке бөлімінде бекітілуі жаңа институттың саяси жүйедегі орнына ерекше мән берілгенін көрсетеді. Конституциялық заңда Халық Кеңесі Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін жоғары конституциялық консультативтік орган ретінде белгіленген. Бұл институт арқылы азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы өз мүдделерін білдіруіне мүмкіндік береді.

Мұнда «консультативтік» деген мәртебеге ерекше назар аударған жөн. Қазақстан Халық Кеңесі мемлекеттік биліктің классикалық тармақтарының орнын алмастырмайды және Құрылтаймен бәсекелес орган ретінде құрылмайды. Оның ерекшелігі қоғамнан келетін ұсыныстар мен бастамаларды саяси шешімдер қабылдау жүйесіне жеткізетін институционалдық арна болуында.

Кеңестің өкілеттіктері оның жай ғана пікірталас алаңы болмайтынын көрсетеді. Ол ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді. Құрылтайға заң жобаларын енгізе алады. Қала берді, жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы баста-

ма көтеруге құқылы. Сонымен бірге, мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасап, қоғамдық тыңдаулар, консультациялар, конференциялар мен басқа да диалог алаңдарын ұйымдастырады.

Яғни Кеңестің негізгі үш қызметі бар:

1. Диалогтық қызмет. Қоғамдағы әртүрлі пікірлерді жинақтап, оларды жалпыұлттық деңгейде талқылау.

2. Сараптамалық қызмет. Қоғамдық ұйымдар, сарапшылар, ғалымдар мен азаматтардың ұсыныстарын мемлекеттік саясатқа қатысты құжаттар мен бастамаларға айналдыру.

3. Саяси-ұйымдастырушылық қызмет. Қоғамдық мүддені нақты заңнамалық бастамаға дейін жеткізу.

Бұл ретте Халық Кеңесінің құрамын қалыптастыру моделі де назар аударарлық. Конституциялық заңға сәйкес, оның құрамына 126 адам кіреді: 42 өкіл – этномәдени бірлестіктерден, 42 өкіл – қоғамдық бірлестіктер мен өзге де коммерциялық емес ұйымдардан, тағы 42 өкіл – мәслихаттар мен қоғамдық кеңестерден ұсынылады.

Мұндай құрылым Кеңестің қоғамның бір ғана сегментіне сүйеніп қалмауына мүмкіндік береді. Этномәдени бірлестіктер елдегі этникалық алуантүрлілікті, қоғамдық ұйымдар азаматтық қоғамның мүдделерін, ал мәслихаттар мен қоғамдық кеңестер өңірлік деңгейдегі сұраныстарды білдіруге тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Халық Кеңесі Қазақстандағы қоғамдық өкілдіктің жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оның тиімділігі құрамына кімдердің енгенінен ғана емес, сол адамдардың өздері өкілдік ететін әлеуметтік топтардың нақты мәселелерін ұлттық күн тәртібіне қаншалықты алып шыға алатынына байланысты болады.

Саяси мәні қандай?

Кез келген жаңа мемлекеттік институттың шынайы маңызы оның заңда қалай жазылғанымен емес, тәжірибеде қаншалықты жұмыс істейтінімен өлшенеді. Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты да негізгі сұрақ осы.

Бір жағынан, Кеңестің мүмкіндігі кең. Мысалы, заң жобасын әзірлеу үшін Кеңес мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамасы қажет. Дайындалған заң жобалары тұрақты және уақытша комитеттерде, салалық комиссиялар мен жұмыс топтарында алдын ала талқыланады. Ал оны Құрылтайға енгізу туралы шешім Сессияда мүшелердің кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады. Бұл Кеңестің қоғамдық пікірді жинақтайтын алаңнан нақты заңнамалық процеске қатысатын институтқа айналу мүмкіндігі бар деген сөз.

Референдумға қатысты өкілеттік те осы тұрғыдан маңызды. Бүкілхалықтық референдум тағайындау туралы бастаманы Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі көтере алады. Ал мұндай шешім Сессияда кемінде төрттен үш дауыспен қабылданады. Алайда, бұл өкілеттіктердің барлығы жоғары саяси жауапкершілікті талап етеді. Кеңес қоғамдағы кез келген пікірді механикалық түрде жинақтайтын орган емес. Ол қоғамдық мүддені сүзгіден өткізіп, оны мемлекет үшін конструктивті ұсынысқа айналдыратын институт болуы керек. Мұнда оның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетігі маңызды рөл атқарады. Осыған орай заңға сәйкес, мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Халық Кеңесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуге міндетті.

Тағы бір маңызды мәселе Кеңестің азаматтық қоғаммен жұмыс істеу мүмкіндігі. Халық Кеңесі қоғамдық бірлестіктерді, коммерциялық емес ұйымдарды, сарапшылық және ғылыми қауымдастықтарды, кәсіптік одақтарды және жекелеген азаматтарды қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылауға тартуға мүмкіндік береді.

Осылайша Қазақстан Халық Кеңесі қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты тұрақты, институционалдық және нәтижелі механизмге айналдыруға мүмкіндік беретін консультативті орган болып саналады. Қазақстанның жаңарған саяси жүйесінде Халық Кеңесінің миссиясы да осында жатыр.

2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы жария болған еді. Онда елдің жаңа технологиялық дәуірге бейімделуі, экономиканы жаңғырту және адами капиталды күшейту жөнінде бірқатар міндет қойды.

Соңғы күндері Үкімет мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысы туралы есеп бере бастады. Бұл есептер осы тапсырмалардың қағаз жүзінде қалмай, нақты жобалар мен нәтижелерге ұласып жатқанын көрсетті. Білім мен денсаулық сақтаудан бастап өнеркәсіп, инвестиция, су және көлік салаларына дейінгі өзгерістер Қазақстанның жаңа даму моделін қалыптастыруға бағытталған.

Адам капиталына инвестиция

Жасанды интеллект дәуірінде елдің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен технологияның өзіне емес, оны меңгеретін мамандарға байланысты. Сондықтан Жолдауда білім беру мен кадр даярлау мәселесіне ерекше мән берілген. Бұл бағытта соңғы жылдары айтарлықтай жұмыс атқарылды. Қазақстанда мыңнан астам жаңа мектеп салынып, миллионнан астам оқушы орны құрылды. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде студенттер саны 562 мыңға жетті. Ең маңыздысы, білім мазмұнын жаңа еңбек нарығына бейімдеу процесі басталды.

Соңғы бір жыл ішінде жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу де қарқын алды. AI-Sana бағдарламасы арқылы 700 мыңнан астам студент AI бойынша базалық білім алды. Бұл технологиялық өзгерістің тек IT саласындағы мамандарға ғана қатысты емес екенін көрсетеді.



Бұл өзгеріс денсаулық сақтау саласында да байқалады. Отандық фармацевтика өндірісі соңғы үш жылда 37 пайызға өсіп, 191 млрд. теңгеге жетті. Ал медициналық қызметтердің 88,6 пайызы электронды форматқа көшкен. 2025 жылы цифрлық бақылау жүйелері арқылы шамамен, 10,6 млрд. теңге негізсіз шығынның алдын алуға мүмкіндік берген. Мұнда цифрландырудың мәні анық көрінеді. Технология азаматқа көрсетілетін қызметті ыңғайлы етумен қатар, мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалыуына да ықпал етіп отыр.

Осылайша Жолдаудың адами капиталға қатысты міндеттері бір ғана мектеп салумен немесе жаңа цифрлық сервис енгізумен шектелмейді. Біртіндеп «мектеп – колледж – университет – ғылым – өндіріс» арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған жүйе қалыптасып келеді.

Сапаға бетбұрыс

Жолдаудың экономикалық бөлігіндегі негізгі міндеттердің бірі Қазақстанға ин-

вестицияның сапасын арттыру. Яғни капиталды шикізат секторына ғана емес, жоғары қосылған құны бар өндірістерге бағыттау. Бұл бағытта да оң өзгерістер бар. 2026 жылғы тамыздағы мәлімет бойынша, Қазақстанда жалпы сомасы 17,8 трлн. теңгеден асатын 66 инвестициялық келісім жасалған. Биылдың өзінде құны шамамен, 4,4 трлн. теңге болатын 25 келісімге қол қойылған.

Сондай-ақ, 2026 жылдың алғашқы жеті айында өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі 18,8 трлн. теңгеге жетті. Оның жалпы өндірістегі үлесі 46,7 пайыз болып, тау-кен өндірісінен алғаш рет жоғары көрсеткішке шықты. Машина жасау саласы да 22 пайызға өсті. Бұл қол жеткізілген көрсеткіштер экономиканың құрылымында өзгеріс болып жатқанын аңғартады. Қазақстан ұзақ уақыт бойы шикізаттық экономикаға тәуелді ел ретінде сипатталып келді. Сондықтан өңдеу өнеркәсібінің үлесінің артуы экономиканы әртараптандыру бағытының нақты нәтижелерінің бірі.

Бұл ретте табиғи ресурстарды тиімді

пайдалану міндеті де назардан тыс қалған жоқ. Соңғы екі жылда елімізде 54 жаңа кен орны ашылды. Сонымен қатар, геологиялық деректерді цифрландыру және оларды жасанды интеллект арқылы талдау мүмкіндіктері кеңейіп келеді.

Су шаруашылығы мен көлік салаларындағы жобалар да экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығына бағытталған. Президент су инфрақұрылымын жаңғыртуды, су ресурстарын басқаруды цифрландыруды және жаңа су қоймаларын салуды тапсырған болатын. Үкімет қазір 42 жаңа су қоймасын салу, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңарту және суару желілерін цифрландыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Ал көлік саласында Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейтуге басымдық беріліп отыр. Соңғы бес жылда саланың жалпы өнімі үш есеге жуық өсіп, 14 трлн. теңгеден асты. Халықаралық әуе бағыттарының саны да екі еседен өскен.

Жалпы алғанда, Жолдаудан кейінгі кезеңді бағалағанда бір маңызды үрдіс байқалады. Мемлекеттік саясат біртіндеп сандық көрсеткіштерден сапалық нәтижелерге қарай ауысып келеді. Әрине, бір жыл ауқымды реформалардың толық нәтижесін бағалау үшін жеткілікті мерзім емес. Көптеген жобаның экономикалық әсері алдағы бірнеше жылда анық көрінеді. Сондықтан басталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, инвестициялық жобаларды нақты өндірістерге, ал цифрлық шешімдерді нақты экономикалық тиімділікке айналдыру қажет. Дегенмен, бүгінгі нәтижелердің өзі 2025 жылғы Жолдауда белгіленген басымдықтардың іске қосылғанын көрсетеді.

**Бетті әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.**
(Дереккөз: Primeminister.kz.)



Ата Заңды талқылады

Алматыдағы «Тұран» университетінде құқық саласының сарапшылары мен саясаттанушылар бірінші курс студенттерімен кездесу өткізді.

Іс-шара барысында жастарға Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының негізгі ережелері түсіндірілді. Кейін сарапшылар мен студенттер арасында маңызды тақырыпта еркін пікір алмасу болды. Жиын алғысөзінде университет ректоры Рахман Алшанов студенттік кезеңнің маңызына тоқталып, қазіргі жас буынның алдында тұрған ауқымды міндеттерді атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттің жоғары қарқынмен дамып, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы үшін мықты кадрлар мен жастардың инновациялық әлеуеті қажет.

Жаңа Конституцияның бұрынғысынан басты айырмашылықтары жөнінде заң ғылымының кандидаты, Жоғары құқық мектебінің профессоры Фархия Момышева айтып берді. Оның сөзінше, Ата Заң мәтіні шамамен, 87%-ы өзгерген.

– Негізгі өзгерістер қатарында Парламенттің 145 депутаттан тұратын Құрылтай болып қайта құрылуын, вице-президент институтының енгізілуін, сондай-ақ заңға өзгеріс енгізуге ұсыныс жасай алатын Халық Кеңесі атты жаңа органның құрылуы бар, – деді құқықтанушы.

Ол Конституцияның адамға бағытталғанын және әр азаматтың құқықтары мен бостандықтары ерекше назар аударылғанын айтты. Мәселен, кінәсіздік презумпциясы мен «Миранда ережесі» енді ресми түрде конституциялық деңгейде бекітілді.

– Әрбір студент тек құрғақ ақпаратпен шектелмей, қоғамның белсенді азаматы болуы тиіс екенін түсінуі керек. Белсенді азаматтық ұстаным өте маңызды, – деді профессор.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі ашылды

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінде «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебін» іске асыруға бағытталған Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы филиалы және Қ.И.Сәтбаев атындағы университет арасындағы үшжақты меморандумға қол қойылды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Еркеболат Нұржігітов мемлекеттік қызметке білімді әрі бәсекеге қабілетті жастарды ерте кезеңнен тартудың маңызын атап өтті.

– Басты мақсатымыз – студенттердің мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттырып, талантты жастарды осы салаға тарту. Бір жылға жоспарланған мектеп аясында дәрістер, семинарлар және тәжірибелік сабақтар өткізіліп, жастарға мемлекеттік қызмет туралы жан-жақты ақпарат беріледі, – деді ол.

Алматыда түрлі бағытта білім алып жатқан мыңдаған студент бар. Олардың қатарында шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары, ғылым кандидаттары мен докторлары кездеседі. Қазір жергілікті атқарушы органдардағы жас мемлекеттік қызметшілердің үлесі шамамен, 30%-ды құрайды.



Сондай-ақ, меморандум аясында алдағы уақытта студенттерге мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін таныстыратын дәрістер, тренингтер мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылатын болады. Кездесулерге тәжірибелі мемлекеттік қызметшілер, «Үздік мемлекеттік қызметші» және «Мемлекеттік қызмет ардагері» атақтарының иегерлері, Тәлімгерлер кеңесінің мүшелері қатысуымен өткізілмек. Және студенттерге мемлекеттік қызметке орналасудың қазіргі мүмкіндіктері де түсіндірілмек. Атап айтқанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын орташа үлгерім балы кемінде 3,33 көрсеткішімен аяқтаған түлектер оқуын тәмамдағаннан кейін бір жыл ішінде аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға конкурссыз орналасу мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар, мектеп түлектеріне тағылымдамадан өту және болашақта кәсіби тұрғыда өсу мүмкіндігі қарастырылған. Үшжақты келісім білім беру ұйымы, мемлекеттік орган және жастар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

Алматы – еліміздің мәдени, қаржылық әрі креативті орталығы. Бұл шаһарда музыка, IT, заманауи өнер, дизайн және медиа өкілдері жиналған. Алайда, креативті экономика тек өнер туындыларынан немесе стартаптардан ғана тұрмайды. Қаланың атмосферасы, көшелер мен саябақтардың жайлылығы мен ғимараттардың архитектуралық бейнесі мегаполиске ерекше өң беріп, креативті ортаның негізін қалайды.

Сәулет өнері – осы индустрияның басты қозғаушы күші әрі іргетасы. Креативті орта жабық бөлмеде емес, ашық, шабыт сыйлайтын қалалық кеңістікте тез дамиды. Осы орайда, Алматы өзінің қайталанбас, тарихи ерекшелігін сақтап, әлемдік креативті картадан орнын қалай таба алады? Креативті индустрияның дамуы мен қалалық ортаның өзара байланысы, сәулет өнерінің заманауи тенденциялары туралы сәулетші Елзат Мұқаш былай деп пікір білдірді.



«Креатив дегенде көпшілік бірінші кезекте музыка немесе поэзия сияқты өнер түрлерін елестетеді. Алайда, бұл салада архитектураның маңызы өте үлкен. Мәселен, адамға ұнамаған ән болса, оны тыңдамауға, ұнамаған бейнелеу өнері туындысын көрмеуге болады. Ал сәулет өнері – бізді қоршап тұрған орта, оны көзден таса қылып тығып қоя алмайсың», – дейді сәулетші.

Расымен, қаланың да, мемлекеттің де маркетингі мен туризміне тікелей әсер ететін осы бағыт. Қазір әлемдік стандартқа сай салынып жатқан павильондар мен қоғамдық кеңістіктерде бірсарындылық басым, салдарынан өзіндік ерекшелік ұмыт қалып жатады.

«Шетелдік дайын үлгілерді көшіруден ештеңе ұтпаймыз. Алматыға келген саяхатшы бұрын басқа елден көрген дүниенің көшірмесін көріп таңқалмайды. Біздің жалғыз әрі дұрыс бағытымыз – төл мәдениетіміз бен ұлттық айдентикамызда. Көшпелі мәдениеттің философиясын, мобильді тұрмыс пен төрт маусымның концепциясын архитектураға тереңірек енгізу керек», – дейді сарапшы.

Елзат Мұқаш ғимараттардың қабырғасына жалаң оқ



жапсыра салып, дөңгелек пішін беріп, «киіз үйге ұқсаттық» дейтін үстірт көзқарасты да сынға алды.

«Сәулет өнері ұлттық ерекшелігіміздің мағынасы мен қолданыс тәсілін терең ашып тұруға тиіс. Біз шетелден тек технологияны алуымыз керек, ал негізгі мазмұн мен концепцияны өзімізден іздегенде ғана отандық креативті индустрия жаңа деңгейге көтеріледі» деген пікірде.

Маманның бұл пайымдауы бүгінгі Алматының даму бағытына тура келеді. Қазір байқасаңыз, қалада ескі ғимараттардың қасбеті қайта жанданып, жаңа арт-хабтарға, коворкингтер мен шығармашылық кеңістіктерге айналуда. Десек те, спикердің пікірі осы нысандардың сыртқы келбеті мен ішкі мазмұнында ұлттық колорит пен заманауи урбанистиканың үйлесімі болуы шарт дегенге саяды.

Ресми деректерге сүйенсек, Алматыда креативті индустрия саласында 21,5 мыңнан астам субъект бар, сектордан түсетін салық көлемі 49,4 млрд. теңгеге жеткен. Қалада «ACT Creative Tech Week 2026» және «Almaty Creativity Step» сияқты халықаралық форумдар жиі өтеді. Креативті индустрия өкілдерін қолдау үшін «Бір терезе» жүйесі бойынша қызмет көрсететін креативті хабтар желісі де кеңейіп жатыр. Қала әкімдігі мен даму орталығы креативті индустрияны тек ішкі нарық емес, Алматының халықаралық имиджі мен экспорттық брендин қалыптастыратын басты драйвер ретінде айқындап отыр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Күйқалы, құнарлы кеніш, заманының зиятты сөз иесі ұлы Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы инновацияшыл қалпынан танбапты. Дүние жүзі жетістігі мен индустриал революцияның жемісіне қазақты қалай жақындатсам, қазаққа ғылым-білімнің игілігін қалай түйсіндірсем деп қам жепті.

Академик Мұрат Жұрынов «Академияның алпыс асуы» деген мақаласында «Қазақстандағы ғылымды ұйымдастырудың көш басында көрнекті ағартушы, ғалым, ерекше дарынды қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының болғаны анық. 1921-1922 жылдары Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты Академиялық орталығының алғашқы төрағасы, 1922–1925 жылдары республика оқу-ағарту комиссары, Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі қоғамның құрметті төрағасы қызметтерін атқарған еді» деп жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының өнегесі, жазу-сызу, ой мәдениеті, тұтас тұла бойы – тұнып тұрған инновация. Ахаң (әлем үшін демеймін) біздің инновациялану дәуіріміздің басында тұр. Шәкіртіне өнерпаздықтың ғана емес, өндірістің, руханият инженериясының моделін меңзейді. Әсіресе, магистрлер мен докторанттарға оқытылатын «Ғылыми зерттеу әдістері» деген пән бағдарламасына Ахаңның ғылыми творчествосын кіріктіріп болсақ, жас ғалымдарымыз бір-бір ғылыми мектепке тұтқа болар азаматқа айналар еді. Ғылымға толық бет бұру өнегесінің әлқиссасы мен алгоритмі Ахаң еңбектерінде тұтасып тұр.

«Ахаңның ақыл-ойдағы асқаралы биігі – әлем парасатын, білім-ғылымын қазаққа қазақы қалпында жеткізу арқылы қазақ жанына серпін беруі еді. Мұның нәтижесі – Алаштың соңғы буынынан гуманитар, суреткер Мұхтар Әуезов, геология-минералогия саласының біртуары Қаныш Сәтбаев, математик Ибадулла Ақбергенов, этнограф Әлкей Марғұлан, т.б. шықты. Дәл осындай жүздеген тұлға 1937-нің құрбаны болды... И.Ақбергеновтің 1935 жылы ашқан жаңалығына кейін экономикадан Нобель сыйлығын алған Л.Канторович сілтеме жасағаны көп нәрсені аңғартады...», – деп толғанады әдебиеттанушы, филология ғылымының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы. Алаштанушы ғалым кейін «Қазақстанда әлеуметтік-гуманитария ғылымы саласынан өзге ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлын біле ме екен?» деп орынды сұрақ сұрайды. Бұл сауалдың нақты жауабы уақыт өте келе айқындалмақ деп білеміз.

Алматыдағы алқалы жиын

Қыркүйектің шуақты күнінде алматылықтар ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайласқан мазмұнды іс-шара өткізді. Биылғы дәстүрдің жөні бөлек. «Ұлт ұстазын ұлықтау» деп аталған «дөңгелек үстелді» ашпас бұрын Ахмет Байтұрсынұлы ескерткішіне гүл қойылып, Алаш қайраткерінің рухына тағзым етілді.

Жиын Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде жалғасты. Басқосуға Алматы қаласы әкімдігінің, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және ғылым, білім, мәдениет пен өнер саласының өкілдері қатысты.

Баяндамашылар Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметін, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануына қосқан қарқара үлесін, ұлттық білім мен ғылымды қалыптастырудағы қажыр-қайратын, қазақ жазуын реформалаудағы еңбегін және ғылыми-рухани мұрасының бүгінгі маңызын талдады.

Сонымен қатар, ғалым Анаркүл Салқынбай Ахмет Байтұрсынұлы бабамыз қалыптастырған ғылыми терминдердің кейінгі ұрпаққа жету жайын сөз етті:

«Кеңес өкіметі кезінде Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдердің барлығы өзгертіліп кеткенде, олар бүгінгі ұрпаққа жетпей қалуы да мүмкін еді. Осы тұста Ахмет Ысқақов, Нығмет Сауранбаев және Сәрсен Аманжоловтың еңбегін ерекше айтуымыз керек. Осы үш ғалым Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының бүгінге жетуіне

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Ахмет Байтұрсынұлының туған күні айрықша аталып өтті



зор үлес қосты. Сондықтан олардың еңбегін айтып жүруіміз керек, ағайын», – деді.

Қадірлі тіл жанашыры Асылы Осман Қазақстан халқы тілдері күнінің Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайлас аталып жатқанына қуанды: «Мен Мемлекет басшысына ризашылығымды білдіремін. Өйткені, бұрын Тілдер мерекесі 22 қыркүйекте аталып өтетін болса, Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ұстазы ретіндегі еңбегін ерекше қадірлеп, оның туған күніне орай Тіл мерекесін белгілеуі – үлкен құрмет. Өткенді еске алу – өскендіктің белгісі, өткенді ұмыту – өшкендіктің белгісі. Біз еліміздің, жеріміздің өркендеуіне, Қазақстанның ел қатарлы мемлекет болуына өлшеусіз үлес қосқан ұлыларымызды ұлықтауымыз керек», – деді Асылы апа.

Жиын аясында Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің қоры да жаңа жәдігерлерге толықты. «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясында Ахмет Байтұрсынұлының бейнесін сомдаған актер, композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Байғали Есеналиев музей қорына 1901 жылы жасалған, Ахмет Байтұрсынұлы пайдаланған пенсеннен айнамайтын үлгіні табыстады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қалалық филиалының ұжымы атынан музейге естелік сый ұсынылды.

Қонақтар Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған фотокөрмені тамашалап, музейдегі тарихи құжаттарды, фотосуреттер мен жеке заттарды, өзге де құнды жәдігерлерді зерделеді.

Жиында ұлттық күй өнеріне де ерекше мән берілді. Күйші, композитор, Аршын Кәсімбауұлы «Ұлт ұстазы – Ахмет» күйін шертіп, ұлт ұстазының рухына тағзым етті. Ал күйші Ақтілек Дәулетова Ахмет Байтұрсынұлының күйі деп айтылып жүрген «Арман» күйін шертіп, жиынның рухани мазмұнын толықтырды. Бұл туынды ұлт ұстазының көпшілікке кеңінен таныла бермейтін өнер қырымен сабақтас шығарма ретінде аталып жүр.

Жиында Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» секілді іргелі еңбектерінің қазақтың ұлттық ғылымы мен білімінің қалыпта-суындағы орны да кеңінен сөз болды.

«Ұлт ұстазын ұлықтау» дәстүрлі «дөңгелек үстелі» Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-ағартушылық мұрасын зерделеу, тарихи жәдігерлерді сақтау, ұлттық өнерді дәріптеу және тұлға тағылымын кейінгі ұрпаққа жеткізу бағыттарын бір арнаға тоғыстыра алды.

Ұрпақ санасында жаңғыра береді

Ұлт ұстазы ұлықтауға арналған іс-шаралар сенбі күні де жалғасты. А.Байтұрсынұлы музей-үйінде «Бір мақсат, бір мүдде: Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ зиялылары» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шара Ахмет Байтұрсынұлы саябағындағы ұлт ұстазы ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Оған зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, оқушылар мен студенттер, ғалымдар және БАҚ өкілдері қатысты.

«Дөңгелек үстелде» Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі, ағартушылық, ұлттық баспасөз және әдебиеттану салаларындағы еңбегі, сондай-ақ оның идеяларының бүгінгі ғылым мен қоғам үшін маңызы сөз болды. Жиында ғалымдар мен зерттеушілер өз ойларын ортаға салды.

«Дөңгелек үстел» басында бірқатар қоғам белсендісіне «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төс-белгісі табысталды. Филология ғылымының докторы Жанат Дәулетбекова жаңадан жарық көрген «Тірі білім теориясы – концептуалдық тұжырым» монографиясын музей-үй қорына сыйға тартты.

Жиында оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, музей-үйде Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған «Арыстар» фотокөрмесі ұйымдастырылды.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы мен ұлттық идеясы уақыт өткен сайын жаңа қырынан танылып, ұрпақ санасында жаңғыра береді.

Дастан ҚАСТАЙ,
Нұрлан СҮЙІН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕРЕЙТОЙ

ҚҰРМЕТ БИГІ

Қазақстанның халық жазушысы Валерий Михайлов І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды

(Басы 1-бетте)

Таланттың бағасы

Валерий Фёдорович – қазақ тарихы мен тағдырын, әдебиет пен адам болмысын терең зерттеген жазушы, ақын, публицист және журналист. Оның меңгерген мамандығы әдебиеттен біршама алшақ еді. Ол – Қазақ политехникалық институтын тау-кен инженер-геофизигі мамандығы бойынша бітірген. Алайда, әдебиет тарихында техникалық білім алған талай таланттың кейін сөз өнеріне келгені белгілі.

«Жас кезімнен жазушы болатынымды білдім», – деген екен Валерий Михайлов бір сұхбатында. Кейін жүрегіндегі әдебиетке деген құштарлық оны журналистика мен шығармашылыққа алып келді.

Ол «Вечерняя Алма-Ата» (қазіргі «Вечерний Алматы»), «Ленинская смена» басылымдарында қызмет етті. «Казахстанская правда» газетінде, «Простор» журналында бас редактор болды. Журналистика Валерий Михайлов үшін тек кәсіп емес, сөзді дәл қолдануды, дерекке жауапкершілікпен қарауды, адам тағдырын терең түсінуді үйреткен үлкен әдеби мектеп болды.

«Бұл кітапты жазуға тиіс едім»

Валерий Михайловтың есімін кеңінен танытқан толымды шығармаларының бірі – «Ғаламат жұт шежіресі» («Хроника великого джута»). Бұл деректі-публицистикалық туындысы Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық тақырыбына арналған. Кітапта сол кезеңдегі халық қасіреті, әлеуметтік күйзеліс пен тарихи оқиғалар деректер мен дәйектер негізінде баяндалады.

Жазушы бұл еңбекті XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында қолға алған екен. Бастапқыда шығарманы роман ретінде жазуды жоспарлаған. Алайда, сол кезеңнің шындығына терең бойлаған сайын дерек пен нақты адам тағдырлары ғана тарихи қасіретті толық жеткізе алатынын түсінеді.



«Мен бұл кітапты жазуға тиіс едім. Өйткені, бұл – менің аталарымның тағдыры, ата-анамның тағдыры, менің тағдырым, Қарағандының, мен дүниеге келген Қазақстанның тағдыры», – дейді жазушы.

Валерий Михайловтың отбасы тарихы Қазақстандағы ұжымдастыру, ашаршылық және арнайы қоныс аудару кезеңімен тікелей байланысты. Атасы Прокофий мен нағаша атасы Иван ұжымдастыру жылдарында туған жерінен күштеп көшіріліп, қазақ даласына жер аударылған. Өте ауыр жағдайда өмір сүрген бұл адамдар үшін алғашқыда Қазақстан даласы бір жағынан жат жер болса, екінші жағынан уақыт өте келе тағдырларын байланыстырған туған мекенге айналады. Жазушының туыстарының бір бөлігі сол ауыр жылдарда қаза тапқан екен. Осы отбасылық қасірет Валерий Михайловтың тарихи тақырыпқа бет бұруына үлкен әсер етті. Сондықтан «Хроника великого джута» – жай ғана тарихи шығарма емес, автордың өз әулетінің қасіреті мен халық тағдырын тоғыстырған туынды.

«Ғаламат жұт шежіресі» бірнеше рет қайта басылып, мектеп хрестоматияларына енгізілген. Қазақ, ағылшын және неміс тілдеріне аударылған. Бұл шығарманың маңызы, салмағы – автордың тарихи трагедияны жай ғана статистика ретінде емес, адам тағдыры арқылы көрсетуінде.

Рухани ізденіс

Михайловтың шығармашылық мұрасы өте ауқымды. Оның 20-дан астам прозалық және поэзиялық кітабы жарық көрген. Олардың қатарында «Прямая речь», «Весть», «Немерцающий свет», «Ограда», «Молитвенный дым», «Золотая дремота», «Угол сердца», «Звон», «У чёрной розы белые шипы», «Пустынный берег» атты және тағы басқа да сүбелі туындылары бар.

Иә, Валерий Михайлов – прозашы ғана емес, ақын. Қызметтен бос уақытында өлең жазды. Алғашында өлеңдері өзі үшін ғана жазылған дүниелер еді. Бұл оның дүниені танудың, адам жаны мен уақыт сырын түсінудің бір тәсілі болды. Оның поэзиясында адамның ішкі дүниесі, туған жер, тарихи жады, уақыт, адамгершілік, өмір мен өлім, рухани ізденіс секілді тақырыптар көрініс табады.

Ол Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдері туралы да көптеген эссе, мақалалар жазды. Солардың бірі – Павлодарда дүниеге келген белгілі орыс ақыны Павел Васильевке арналған «Сердце нарсапев» атты шығармасы. Сонымен қатар, ол Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қадыр Мырза-Әлі,

Әкім Тарази және басқа да қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы тебіреніспен жазды. Осы еңбектері арқылы Михайлов қазақ және орыс әдебиетінің арасындағы рухани байланысты нығайтуға үлес қосты.

Оның шығармашылығы тек Қазақстан тарихымен шектелмейді. Михайлов ЖЗЛ («Жизнь замечательных людей») сериясы үшін де еңбектер жазған. Оның қаламынан Михаил Лермонтов, Евгений Боратынский, Николай Заболоцкий туралы шығармалар туған. Бұл оның қаламгер ретінде тек көркем әдебиетпен ғана емес, тарихи-биографиялық және зерттеу жанрымен де айналысқанын көрсетеді.

Ар-ұят таразысы

Валерий Михайловтың шығармашылық жолына көз салсақ, оның әдебиетке кездейсоқ келмегенін аңғарамыз. Инженерлік білім оған нақты ойлау жүйесін берсе, журналистика дерекпен жұмыс істеуді үйретті. Ал әдебиет осы білім мен тәжірибені адам тағдырын, тарихи жадыны және рухани құндылықтарды зерттеуге бағдаршам болған секілді.

Оның шығармаларының бастауында, өзегінде адам тұрады. Ол адамның ішкі дауысы – ар-ұятқа ерекше мән береді. Жазушының пайымдауынша, адамның барлық іс-әрекетіне ішкі ар таразысы үн қатады. «Адам – орасан зор әлем, үлкен құпия. Оны толық танып-білу мүмкін емес. Бірақ осы құпияға жақындай түсу мен үшін әрдайым қызықты», – дейді бір сұхбатында Валерий Михайлов.

Иә, оның қуатты қаламынан төгілген тарихи оқиғалар желісі де, ұлы ақындардың тағдыры да, адамгершілік құндылықтар да, махаббат пен ар-ождан да ақыр соңында адам болмысына келіп тіреледі. Сондықтан Валерий Михайловтың әдеби мұрасы өміршең. Өшпейтін, өлмейтін рухани құндылықтар жиынтығы.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.
(Сурет: ашық дереккөзден).

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

300 балаға базарлық



Қаладағы №15 гимназияға Білім күні 1-сыныпқа қабылданған 300 балдырғанға кітап сыйланды.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы мен «Бірінші сынып оқушыларына – кітапханадан сыйлық» акциясы аясында көркем шығармалар тарту идеясын ұсынған – шаһардың Орталықтандырылған кітапхана жүйесі.

А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхана меңгерушісі Айнұр Балаубаеваның айтуынша, осынша мол кітап қорының жиналуына «Steppe World», «KitapAl Almaty» ЖК – «KitapAl» баспа дүкені, «Ол-Жас Баспасы» ЖШС, «Kazformoms», «Астана» кітап баспасы, «Ziyat» кітап дүкені және Б.Болатханова, Д.Мамырбаева, С.Досжан, М.Кесебаев секілді қаламгерлер үлес қосқан.

«Бұл кітаптардың мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған кішкентай бүлдіршіндеріміздің ең сенімді, рухани досы болатынына сенеміз. Біздің балалар-

ды қуантқымыз келген ұсынысымызды қабыл алған №15 гимназия директоры Зоя Қашқынбайқызына алғыс білдіреміз. Баршамыздың мақсатымыз – өскелең ұрпақты бала кезінен кітап оқуға дағдыландыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, түптеп келгенде, бүтін ел болып әлемдегі ең көп кітап оқитын он елдің қатарына ену», – дейді Айнұр Мұратқызы.

Осы орайда айта кетсек, «Кітап оқитын ұлт» – Мемлекет басшысының тапсырмасымен дүниеге келген тың жоба. Мақсаты – кітап оқуды насихаттау, сыни ойлауды дамыту және кітапты білім, шабыт және зияткерлік өсудің негізгі көзі ретінде нығайту.

«Президентіміз «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда орнықтыруымыз керек» деген болатын. Жаңа оқу жылы – жаңа белес, жаңа мақсат, жаңа мүмкіндіктер. Мектеп – тек білім алатын орын ғана емес, сонымен қатар әр баланың тұлға болып қалыптасуына, өз пікірін еркін білдіруіне және жауапкершілікпен әрекет етуіне мүмкіндік беретін орта. Бізге сыйланған осы кітаптардың кішкентай жүректерге ізгілік, мейірім, адамгершілік дәнін себетіні анық. Алматы кітапханаларына алғысымыз шексіз», – дейді №15 гимназияның кітапханашысы Райхан Мыңжасарова.

Жалпы, Білім күні Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Орталықтандырылған кітапхана жүйесі дәстүрлі «Бірінші сынып оқушыларына – кітапханадан сыйлық» акциясы аясында Алматының сегіз ауданындағы 22 мектептің 3 мыңнан астам 1-сынып оқушысына балалар кітаптары жинақталған арнайы сыйлық топтамасын табыстады.

Нұржамал ӘЛІШ.

«АДАЛ АЗАМАТ»



Медеу ауданына қарасты Ж.Жабаев атындағы №161 лицейде Білім күні мерекесіне арналған жиын «Қазақстан Республикасының Конституциясы – Адал азамат, зерделі ұлт және қоғам қалыптастырудың негізі» деп аталды.

Оқушыларға ұнаған сыйлық

Салтанатты жиынды лицей директоры Тұнық Шегебайқызы құттықтау сөзбен ашып, оқушылар мен ұстаздарға сәттілік тіледі. Мерекелік кешке жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай құрметті қонақ ретінде қатысты. Қаламгер оқушыларға ақжолтай тілегін арнап, білім мен кітап оқудың адам өміріндегі маңызын ерекше атап өтіп, сөзінің соңын: «Адамға тамақ, киім қаншалықты қажет болса, білім де сонша қажет. Ендеше, өміріңізді біліммен көрікті етіп, рухани әлеміңізді кітап оқумен байытыңыз!», – деп түйіндеді.

Жазушы лицейге жаңадан қабылданған 5-сынып оқушыларына өзінің қазақтың мақтанышы болған олимпиада чемпионы Б.Саттарханов туралы жазыл-

ған «Бекзат» романын сыйға тартты. Салтанатты жиыннан соң 5-сынып оқушылары сынып жетекшілері А.Айтқұл, Н.Ершораева, Н.Үсіпбекпен бірге Ж.Жабаев атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасына барды. Оларды кітапхана қызметкері Роза Қозыбай қуана қабылдап, кітапхана залдарымен, кітап алу, жазылу ережелерімен таныстырды. Ал кітапхана меңгерушісі Бану Дәулетбақова оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтай келе, оларға Алматы қаласы туралы жазылған «Мұңлы трамвай» атты әңгімелер мен өлеңдер жинағын және балалар әдебиеті үздік туындыларының республикалық конкурсы жеңімпаздарының «Жас қалам» атты шығармалар жинағын сыйға тартты.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Е.СЕРКЕБАЕВ – 100

ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Қазақстанның Халық артисі Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына арналған көрме ашылды

Мегалолисте қазақ опера өнерінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық артисі Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына арналған «Ермек Серкебаев: Дәуірдің дара тұлғасы» атты көрме ашылды.

Қала күніне орай ұйымдастырылған экспозиция өнер иесінің өмірі мен шығармашылық жолын таныстырып, оның ұлттық мәдениетке сіңірген еңбегін ұлықтауға бағытталды.

Көрменің ашылу салтанатына өнер-сүйер қауым, мәдениет саласының өкілдері мен әншінің жақындары қатысты. Қалалық әкімдіктің қолдауымен, Алматы музейінің ұйымдастыруымен өткен іс-шарада Ермек Серкебаевтың жеке заттары, сахналық костюмдері, сирек фотосуреттері, концерттік афишалары мен музыка-

лық аспаптары көпшілік назарына ұсынылды.

Қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев мұндай іс-шаралардың қала өміріндегі маңызына тоқталды.

– Елімізде 282 музей бар. Соның 27-сі Алматыда орналасқан. Ел дамуына үлес қосқан дара тұлғалардың көбі осы қалада еңбек етті. Ұлы бір дәуірдің көшін бастаған Ермек Серкебаевтай қазақтың біртуар азаматын ұлықтау – біздің міндетіміз. Алматы – өнер мен мәдениеттің қара шаңырағы. Мұндай көрмелер арқылы біз ұлы тұлғалардың мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткіземіз, – деді ол.

Экспозициядағы әр жәдігер өнер иесінің сахнадағы қайталанбас бейнесі мен ұлттық өнерге сіңірген еңбегінен сыр шертеді. Сирек фотосуреттер әншінің өміріндегі маңызды кезеңдерді көрсетсе, сахналық костюмдері мен концерттік афи-

шалары оның шығармашылық жолының ауқымын аңғартады. Ал жеке заттары мен музыкалық аспаптары келушілерге өнер иесінің сахнадан тыс болмысын да жақынырақ тануға мүмкіндік береді.

Ермек Серкебаев – қазақ опера өнерінің дамуына зор үлес қосқан бірегей тұлға. Қазақстанның Халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты әлемнің ірі сахналарында өнер көрсетіп, қазақ музыкасын халықаралық деңгейде танытты. Оның шығармашылығы вокал өнерінің биік үлгісіне айналып, кейінгі буын әншілеріне өнеге болды.

Көрменің ашылуында Ермек Серкебаевтың інісі Мұрат Серкебаев сөз сөйлеп, ағасымен бірге өткен жылдарды еске алды.

– Ағамның өмір жолы оңай болған жоқ. Ол талай қиындықты еңсеріп, бар жетістігіне өз еңбегімен жетті. Біз оның осы күрделі жолына куә болдық. Кейін ол ел

мақтан тұтқан дара әншіге айналып, қазақ өнерін әлемге танытты. Ірі сахналарда өнер көрсетіп, талантымен талайды тамсандырды. Сондықтан ол кейінгі буын вокалистерге үлгі болып қалды. Өте қарапайым еді. Ешқашан тәкаппар болған емес. Бәріне көмектесетін. Үш баласын өсіріп, бәріне жоғары білім берді. Маған да моральдық және материалдық жағынан, барлық тұрғыдан қолдау көрсетті. Біз үшін өте жақын, қымбат адам болды, – деді ол.

Көрмеге келушілер Ермек Серкебаевтың шығармашылық мұрасымен танысып қана қоймай, қазақ музыкасы мен опера өнерінің қалыптасу кезеңдері туралы танымын кеңейтті. Өнер иесінің сахнадағы бейнесі мен өмірлік ұстанымдары қатар көрсетілген экспозиция оның дара тұлғасын жан-жақты танытты.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЕКІ ЕЛДІҢ КЕЛБЕТІ

Алматыда өзбек суретшісі Нодир Бобомуродовтың «Екі ел – бір кеңістік» атты көрмесі ашылды. Экспозицияға автордың 45-тен астам туындысы қойылған.

Суретші кейінгі төрт жылда салған еңбектерін бір кеңістікке жинақтаған. Көрме залынан Қазақстанның табиғаты мен заманауи келбетінен бастап, көне Самарқандтың тынысын жеткізетін картиналар-

ды көруге болады. Сонымен қатар, «Көкпар», «Аударыспақ», «Қыз қуу» секілді ұлттық ойындар да кенеп бетінде бейнеленген. Суретші осылайша өз шығармашылығында екі елдің табиғаты мен мәдениетін сабақтастыра көрсеткен.

Көрменің ашылуына суретшілер, өнертанушылар, жастар мен қала қонақтары жиналды. Келушілер қатарында Алматыға саяхаттап келген шетелдік туристер де болды.

Нодир Бобомуродовтың айтуынша, көрмені Алматыда өткізуінің өзіндік себебі бар.



кетеді. Кейбір картиналарды 1-2 күнде аяқтасам, енді біріне бірнеше ай уақыт жұмсалды, – дейді суретші.

Нодир Бобомуродов өнерге бес жасынан қызыққан. Ата-анасы оның қабілетін байқап, осы бағытта білім алуына қолдау көрсеткен.

– Ата-анам суретші болуыма, осы салада білім алуыма барлық жағдайды жасады. Тоғыз жыл оқыдым. Бірақ әлі күнге дейін үйреніп келемін, – дейді өнер шебері.

Суретші үшін Алматыдағы бұл көрме – шығармашылық жолындағы жаңа кезең. Алдағы уақытта өзге шетелдерге де жол салуды мақсат етіп отыр.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– Бұл – менің алғашқы жеке көрмем. Алматыда өткізуімнің себебі – картиналарымның жартысы Қазақстанмен, жартысы Өзбекстанмен байланысты. Көрмеге Қазақстанның ұлттық дәстүрлері, ойындары мен тарихы, сондай-ақ Өзбекстанның табиғатына арналған туындылар қойылды. Әр шығарманы салуға әртүрлі уақыт

МЕРЕЙ

Биыл қазақтың дәстүрлі ән өнеріндегі белгілі бұлбұлдарының бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова 60 жасқа толып отыр. Бұл өнер адамы үшін шығармашылық жолды таразылайтын меже. Ол дәстүрлі өнердің дүлдүлі атанған өнер иесі Ғарифолла Құрманғалиевтен дәріс алған шәкірттерінің ең «кенжесі». Ғарекеңнің сол «кенжесі» «Халық әні» кафедрасын басқарған ұстазға, сирек мұраның жоқтаушы зерттеушісіне, ұлттық музыканы шетел сахнасына алып шыққан өнер майталманына айналды.

СӘУЛЕ САЛҒАН

Жалпы, Сәуле Жанпейісова туралы сөз қозғағанда, тек әнші деп таныстыру жеткіліксіз. Оның шығармашылық жолында орындаушылық, ұстаздық, ғылыми-зерттеу жұмысы, дәстүрлі ән мектептерін насихаттау, ұмыт қалған мұраны іздеу сынды бірнеше бағыт қатар өріледі.

Ғарекеңнен қалған аманат

Сәуле Жанпейісованың кәсіби өнердегі жолы 1983 жылдан басталады. Сол жылы ол эстрада студиясына түсіп, қазақтың әйгілі әншісі Ғарифолла Құрманғалиевтің сыныбында білім алады. Кейін еңбек жолын «Қазақконцерттен» бастайды. Қазақтың дәстүрлі ән өнері бір ғана орындаушылық қалыптан тұрмайтыны белгілі. Мәселен, Арқа, Батыс, Жетісу, Сыр бойы секілді өңірлерде ғасырлар бойы өзіндік мектептер қалыптасты. Байқасаңыз, олардың әрқайсысының дауысында, домбыра сүйемелінде, әннің құрылымында, сөзді жеткізу тәсілінде өзіндік қайталанбас сыр-сипаттары жатыр. Ал Ғарифолла Құрманғалиев Батыс Қазақстанның Мұхит ән мектебін кәсіби сахнаға алып шыққан ірі тұлғалардың бірі болды. Әнші Сәуле Жанпейісованың Жамбыл өңірінің тумасы болса да, шығармашылығында Батыс Қазақстан әндерінің ерекше орын алуы да осы ұстаздық сабақтастықпен байланысты болса керек.

«Балуанға оңы да, солы да бірдей» демекші, Сәуленің де репертуары бір өңірмен шектелген жоқ. Әр аймақтың әншілік ерекшеліктерін игеру кейін орындаушының шығармашылық қолтаңбасының бір сипатына айналды. Оның шығармашылық жолын орындаушылық пен ұстаздықтан бөлек, ғылыми-зерттеуге, дәстүрлі ән мектептерін насихаттауға, ұмыт қалған мұраны іздеуге қарай кеңітіп отырды. Оның басты зерттеу бағыттарының бірі сол әйгілі ұстазының қалдырған мол мұрасы болды. Ғарифолла Құрманғалиевтің тікелей тәлім алған шәкірттердің өзі бүгінде қазақ музыкасының тарихына айнала бастады.

Ал міне, арада қырық жылдан астам уақыт өткенде ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс жаңа сипат алды. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Сәуле Жанпейісованың жаңа еңбектері таныстырылды. Соның бірі – «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі» атты кітап. Еңбекте дәстүрлі ән өнерінің тарихы, Ғарифолла Құрманғалиевтің шығармашылығы, оның шәкірттері және ұстаздық қызметі баяндалады.

Дәстүрлі өнер үшін мұның маңызы ерекше. Себебі, ауызша дәстүрдің әлсіз бір тұсы бар, егер белгілі бір орындаушылық ерекшелік уақытында жазылып, зерттеліп, шәкіртке берілмесе, бір буын ауысқанда оның кейбір қырлары жоға-



ӘНДЕР-АЙ!..

лып кетуі бек мүмкін. Қазір әйгілі Ғарекеңді көрген буын азайып, «немере», тіпті «шөбере шәкірттері» сахнаға шығып, жаңа бір буын буын қалыптасып жатыр. Сондықтан Сәуленің орындаушыдан зерттеушіге айналуы кездейсоқ құбылыс емес. Оның шығармашылық жолының ең үлкен нәтижесі – өзіне аманат болып жеткен қазақ әнін келесі буынға аманаттай алғанында.

Стамбулдағы Абай әні

2021 жылы Стамбулдың Зейтінбурну ауданындағы бұрынғы İstasyon Meydanı ресми түрде Абай Құнанбайұлы алаңы деп аталып, қазақ ойшылының ескерткіші ашылған еді. Өткенде ғана ұлы ақынның туғанына 181 жыл толуына арналған мәдени іс-шараға шақырылған қонақтарының бірі – Сәуле Жанпейісова болды. Салтанатты іс-шараға Қазақстан және Түркияның ресми өкілдері мен ескерткіш авторы мүсінші Мұрат Мансұров қатысты. Сәуле сол Абай алаңында қазақтың әнін шырқап, дәстүрлі әннен концертін берді.

Бес жылдан кейін дәл осы жерде қазақтың дәстүрлі әншісінің концерт беруі де кездейсоқ емес. Өйткені, ұлы Абайды әлем көбіне ақын, философ, ойшыл ретінде таниды.

Абай ақын ғана емес, композитор да болды. Ал оның музыкалық мұрасы қазақтың кәсіби және дәстүрлі ән өнерінің ажырамас бөлігіне айналғалы қашан. Сондықтан Стамбулдағы Абай алаңында домбыра үнінің естілуі Абайды әлемге әнмен таныту емес пе? Сәуле салған «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас» секілді әндер шетелдіктерге Абайды танудың тағы бір жолын ашты.

Әнші көтерген салмақты мәселе

Осыдан біраз уақыт бұрын әнші Сәуле Жанпейісова этнограф Александр Затаевич жинақтаған қазақтың мың әнінің 700-ге жуығы бүгінде айтылмайтынын мәселе ретінде көтерген еді. Әрине, «айтылмайды» деген сөз олардың барлығы біржола жоғалды дегенді білдірмейді. Бір бөлігі архивтерде, ноталық жинақтарда немесе зерттеулерде сақталған болуы да мүмкін. Затаевичтің еңбегінің арқасында көптеген музыкалық туынды қағазға түсті. Демек, олардың белгілі бір бөлігі дерек ретінде сақталған.

Бірақ музыка кітап сөресінде өмір сүрмейді. Оны орындағанда ғана өмір сүреді. Әншінің дауысында, домбыраның қағысында, тыңдарманның жадында өмір сүреді. Осы айырмашылық бүгін дәстүрлі өнер алдында тұрған ең күрделі мәселелердің бірін көрсетеді. Бір ғасыр бұрын зерттеушілер ауыл аралап, әндерді нотаға түсіріп, жоғалып кетуден сақтап қалуға тырысты.

Ал ХХІ ғасырда өзгеше, енді сол қорды цифрландыру, қайта орындау, сапалы жазу және жаңа аудиторияға жеткізу қажет. Сондықтан Сәуле Жанпейісова сияқты орындаушылардың қызметін сахнамен шектеу қиын. Олар бір мезетте орындаушы, мұраны тасымалдаушы және келесі буынмен байланыстырушы қызметін атқарады. Мұнда мәселе сол шығармалардың белсенді орындаушылық айналымнан шет қалуында.

Әншінің пікірінше архивте сақталған мұраны қайтадан тірі мәдениетке айналдыруға болады. Ол үшін зерттеуші керек, орындаушы керек, ұстаз керек. Ең бастысы, сол әнді үйренуге дайын жаңа буын керек.

«Дәстүрлі әнді жаңа заманға жеткізу деген оны міндетті түрде заманауи қалыпқа өзгерту деген сөз емес. Кей жағдайда керісінше, әннің бастапқы орындаушылық табиғатын сақтап қалу маңыздырақ», – дейді Сәуле Стаханшылқызы.

Затаевич қағазға түсірген, кейінгі зерттеушілер архивте сақтаған жүздеген әнді цифрлық дәуірдің тыңдарманына жеткізу үшін жаңа тәсіл қажет. Ендігі аманат сол шығармаларды цифрлық дәуірге жеткізу. Сондықтан Сәуле Жанпейісованың «1000 әннің 700-ге жуығы айтылмайды» деген пікірі осы тұрғыдан әлі де өзекті.

Сәуле Жанпейісованың шығармашылық жолының тағы бір үлкен бағыты – ұстаздық. Ол Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 2007–2012 жылдары «Халық әні» кафедрасын басқарды. Ол сондай-ақ, «Аманат» өнер мектебінің негізін қалады. Қазіргі таңда Эльза Қарабалина, Есбол Шаңбаев, Рауан Әбілбаев және басқа да шәкірттері сол мектепте ұстаздық етіп, сабақ беріп жүр. Міне, осылайша өнердегі сабақтастықтың кезекті тізбегі пайда болғандай. Дәстүрлі өнер дәл осылай өмір сүреді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫЛҚАЛАМ



Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде ҚР Суретшілер одағының мүшесі Үркеш Хасановтың «Жылдар жылуы» атты жеке ретроспективалық көрмесі ашылды. Негізгі идеясы – өткен мен бүгіннің, алыс пен жақынның, жеке естеліктер мен тарихи мұраның ажырамас байланысын көрсету.

ЖЫЛДАР ЖЫЛУЫ

Көрменің ашылу салтанатында қылқалам шеберінің замандастары жылы лебіздерін арнады.

«Үркеш Хасанов – өмірін өнермен өрнектеген суретші әрі дизайнер. Қазақстан мәдениетінің дамуына қосқан үлесі зор. Кәсіби қызметі барысында ол суретші, реставратор, дизайнер және шығармашылық жобалардың жетекшісі ретінде танылып, сәндік-қолданбалы өнер, музейлік реставрация, сәулеттік жобалау және дизайн салаларында жемісті еңбек етті», – деді ҚР Суретшілер одағының хатшысы Камилла Ли.

Экспозиция қылқалам шеберінің шығармашылығында маңызды орын алатын ата-баба мұрасы, отбасы, туған жер, өмір жолы мен автордың дүниетанымын қалыптастырған оқиғалар тақырыптарын қамтиды. Көрменің елеулі бөлігін «Қаһарлы қыс», «Көктем әуені», «Алғашқы қар», «Жолаушы», «Тілек тіле», «Алатау кеңістігі» пейзаждық туындылары құрайды. Бұл шығармалардан Үркеш Хасановтың Қазақстан табиғатына деген ыстық ықыласы, өзі өсіп-өнген, білім алып, шығармашылық жолы қалыптасқан туған өлкесіне деген сағынышы мен естеліктері көрініс табады. Кейбір туындылары уақыт жағынан алыста қалғанымен, жүрегіне әрдайым жақын әлем.

Көрмеде суретшінің тарихи отаны – Шығыс Түркістанға (ШҰАР) арналған



кейінгі жылдары салынған шығармалар топтамасы да ерекше орын алған. Бұл картиналарда Такла-Макан шөлінің табиғаты, Қашғар, Тұрпан, Тұйық және Хотан секілді көне қалалардың көріністері бейнеленген.

Ұйғыр халқының өкілі ретінде суретші өз туындыларында таулардың, көне құрылыстар мен тастан қаланған елдімекендердің бейнелерін көрсете отырып, туған жерге деген құрметін жеткізеді. Оның шығармалары түстердің мозаикалық үйлесімімен, сызықтардың айқын ырғағымен ерекшеленіп, шығыстық өрнектің өзіндік сипатын аңғартады.

Жалпы, «Жылдар жылуы» көрерменін уақыт, естелік және ұрпақтар сабақтастығы туралы ой бөлісуге шақыратын шығармаларға толы.

Қылқалам шебері туралы айта кетсек, Үркеш Хасанов Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін және Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтын тәмамдаған. Еңбек жолы да өнермен өрілді. «Кадесый» өндірістік фабрикасында жұмыс істеген жылдары авторлық көркем туындылар жасаумен айналысты. «Қазкөркемөнер» СКБ-да бас суретші қызметін атқарды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің реставрация бөлімін басқарған кезеңдерде мәдени мұра нысандарын сақтау және қалпына келтіру жұмыстарына атсалысты. Тұрғын үйлер, кафелер, мейрамханалар мен кеңсе нысандарын жобалау жұмыстарында да із қалдырды. Сондай-ақ, интерьер, экстерьер және ландшафтық дизайн жобаларын әзірледі.

Үркеш Хасановтың шығармашылығы республикалық және халықаралық деңгейдегі көптеген көркемсурет жобаларында бірнеше рет ұсынылды. Солардың қатарында ағашқа ойып жасалған «Алма-Ата» сәндік композициясы, «Қымыз жиынтығы» атты туындысы жоғары бағаланған. Оның кескіндеме, графика және сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан топтастырылған «Күн қайда қонады?» атты жеке көрмесі де әріптестерінің оң бағасын алған болатын. Ал бүгінгі «Жылдар жылуы» суретшінің көпжылдық шығармашылық жолының өзіндік қорытындысы іспетті.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МӘСЕЛЕ

Қазіргі баланың сыртқа көп шыға бермейтіні, таза ауа жұтуға, күннің көзін көруге талпынбайтыны рас. Себебі, алаңдайтыны, ермегі – телефон, планшет, компьютердегі ойындар. Ресми мәліметке сүйенсек, 2025 жылы елімізде 53 мыңнан астам оқушыға көз аурулары диагнозы қойылған. Оның ішінде 33 мыңға жуық балада миопия (жақынды көреді, алысты көрмейді) анықталған.



Бүгінде көзілдірік тағатын жастар санының артқанын да ешкім жоққа шығара алмайды. Ал экранға телмірген баланың көзі өткірлігін жоғалтып, алысқа қарау қабілетінен айырылатыны да дәлелденген. Осы тақырыпқа орай офтальмолог және офтальмохирург, Алматыдағы Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы Офтальмология бөлімшесінің меңгерушісі Нұртас КЕҢЕСОВ-ПЕН сұхбаттасқан едік.



КӨЗІЛДІРІКТІ БАЛА КӨБЕЙДІ. НЕГЕ?

– Нұртас Манарбекұлы, кейінгі жылдары көзілдірік тағатын бала көбейді, келісесіз бе? Нақты қандай аурулар жиі кездеседі? Оған басты «кінәлі» гаджет деп айтуға бола ма?

– Балалар арасында көру қабілетінің бұзылыстары, әсіресе, миопияның жиі кездесетіні байқалады. Бірақ мұны тек гаджетпен байланыстыру дұрыс емес. Баланың көру қабілетіне бірнеше фактор әсер етеді: тұқым қуалаушылық, тым жақын отырып істейтін жұмыстың көп болуы, оқу жүктемесі, таза ауада жеткілікті уақыт өткізбеу және жалпы өмір салты.

Балалар офтальмологиясында біз тек миопиямен ғана емес, гиперметропия, астигматизм, амблиопия («жалқау көз»), қылилық, туа біткен және жүре пайда болған көз ауруларымен де жиі кездесеміз. Сондықтан «көздің басты жауы – телефон» деп бір ғана себепті көрсету дұрыс емес. Мәселе көбіне баланың жалпы көру тәртібі мен өмір салтында.

– Телефонға немесе теледидарға ұзақ қарау көзді бұза ма?

– Экранның өзінен гөрі, оны қалай пайдаланатыны маңызды. Телефонды тым жақын ұстап, ұзақ уақыт бойы үзіліссіз қарау көзге жақын көру жүктемесін түсіреді. Бала экранға қарағанда жыпылықтауды азайтады, соның салдарынан көздің құрғауы, ашуы, шаршауы, бас ауруы сияқты шағымдар пайда болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қазіргі балалардың маңызды мәселесі – экранның алдында тапжылмай отыратындықтан даланы ұмытады, сыртта болуды азайтады. Оның күнделікті өмірінде қозғалыс және ашық аспан астындағы белсенділік жеткілікті болуы маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да балалардың бір орында отыра бермей, әсіресе, рекреациялық экран уақытын шектеуге және физикалық белсенділікті арттыруға шақырады.

Сондықтан ата-аналарға «телефонды мүлдем ұстатпаңыз» дегеннен гөрі, экранды дұрыс пайдалануды үйрету маңызды. Яғни экранды көзге тым жақындатпау, ұзақ уақыт үздіксіз отырмау, үзіліс жасау, отырған бөлмені дұрыс жарықтандыру және күн сайын далада кемінде екі сағат жүру керек. Сондай-ақ, баланың белсенді қимыл-қозғалыста болуын, дұрыс ұйықтауын, оқу мен демалыстың тепе-теңдігін қадағалау маңызды.

– Баланың «көзім ауырып тұр» деуі міндетті түрде көру қабілеті төмендегенін білдіре ме?

– Жоқ, олай емес. Жанардағы жайсыздықтың себебі көру өткірлігінің төмендеуі ғана емес. Көздің құрғауы, шамадан тыс көру жүктемесі, аккомодацияның бұзылыстары, дұрыс таңдалмаған көзілдірік, бас ауруы және басқа да жағдайлар себеп болуы мүмкін. Бірақ бала көзіне байланысты шағым айтса, оны елемеуге болмайды. Әсіресе, шағым қайталана берсе, офтальмологқа көрсеткен дұрыс.

– Ата-ана қандай белгілерге назар аударуы керек? Баланың көзін алғаш қашан тексерткен дұрыс?

– Баланың көзіне қатысты ең үлкен қателіктің бірі – «өзі айтады ғой, көзі нашарласа байқалады» деп ойлау. Оның көру жүйесі балалық шақта қалыптасады.

Осы кезеңде анықталмаған көру бұзылыстары кейін амблиопияға, қылилыққа немесе көру функциясының тұрақты төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан ата-ана баласының теледидарға немесе телефонға тым жақын отырғанын; кітапты өте жақыннан оқитынын; алыстағы заттарға көзін сығырайтып қарайтынын; жиі басы ауыратынын; оқу кезінде тез шаршайтынын; бір көзін жауып қарайтынын; көзінің қиғаш орналасуын немесе бір көзінің «тайып» кетуін; алдындағы заттарға жиі соғылуын; мектептегі оқу үлгерімінің себепсіз төмендеуін байқаса, дабыл қағуы керек.

Ал кейбір балаларда көру қабілетінің айқын төмендеуіне қарамастан ешқандай шағым болмайды. Сондықтан көзді тексеру оның жасына қарай жүйелі түрде жүргізілуі керек. Мысалы, Халықаралық педиатриялық офтальмология ұсынымдарында нәресте кезеңінен бастап көруді және көздің жағдайын бағалау қарастырылады. Ал 5 жастан кейін көру скринингін 1-2 жыл сайын қайталау ұсынылады. Демек, офтальмологқа тек бала «нашар көремін» деген кезде емес, жасына сәйкес профилактикалық тексеруден өткізу маңызды.

Тағы бір маңызды мәселе – көзілдіріктен қорықпау керек. Көзілдірік тағу көзді «одан әрі әлсіз қылмайды». Керісінше, дұрыс таңдалған оптикалық түзету баланың қалыпты көру функциясын қамтамасыз ету үшін қажет.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

• Адам көзін орта есеппен әрбір 4 секунд сайын жыпылықтатады (минутына 15 рет), жыпылықтату ұзақтығы – 0,5 секунд. Көздің үстіңгі және астыңғы қабағында 150 кірпік бар. Әр кірпік шамамен, бес ай өмір сүреді.

• Көз диаметрі орта есеппен – 2,5 см, салмағы – 7-8 гр. Жағымды заттарды көргенде қарашығымыз 45 пайызға дейін ұлғаяды екен.

• Көзде 107 миллион жасуша бар және олардың барлығы жарыққа сезімтал келеді. Көзді ашып тұрып түшкіру мүмкін емес.

• «Көзді ашып-жұмғанша» демекші, көзді бақылайтын бұлшық ет денедегі ең жылдам бұлшық ет. Дені сау көз 10 миллион түсті ажыратады. Ал бір секундта шамамен, 50 затты көреміз.

• Көз миға сағат сайын көп ақпарат беріп отырады. Ол мидың 65 пайыз қорын жұмсайды.

• Көзіміздің көлемі туғанда қандай болса, қартайғанша сол қалыпты сақтайды, ал құлақ пен мұрын өсуін тоқтатпайды.

Баланың көру қабілеті – оның оқуына, дамуына және болашақ өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан көз денсаулығына профилактика ретінде қараған дұрыс.

– «Бүгінде әрбір үшінші оқушы көзілдірік тағады» деген ақпарат қаншалықты рас? Сіздің бөлімшеде ең жиі жасалатын операция қандай?

– «Әрбір үшінші оқушы» деген нақты көрсеткішті Қазақстан бойынша бірыңғай эпидемиологиялық зерттеудің дерегінсіз нақты факт ретінде айтуға болмайды. Мұндай көрсеткіштер аймаққа, жасқа және зерттеу әдістемесіне байланысты өзгереді. Бірақ балалар арасында рефракциялық бұзылыстардың, әсіресе, миопияның өзекті мәселеге айналып отырғаны анық.

Біздің бөлімшеге келетін балалардың арасында хирургиялық емді қажет ететін әртүрлі патологиялар кездеседі. Олардың ішінде қылилыққа байланысты операциялар маңызды орын алады. Сонымен қатар, жарақаттар, көздің қосалқы аппаратының патологиялары және басқа да шұғыл жағдайлармен балалар түседі.

Балаларға жасалатын операцияны тек «көзді түзету» деп қарауға болмайды. Мысалы, қылилық кезінде операцияның мақсаты тек көздің сыртқы қалпын түзету емес. Біз мүмкіндігінше екі көздің бірге жұмыс істеуін, бинокулярлық көруді және баланың көру жүйесінің дұрыс дамуын сақтауды көздейміз.

– Қазіргі офтальмологияда қандай жаңа технологиялар қолданылады? Балалардың көз ауруларын анықтауда ЖИ мүмкіндіктері қандай?

– Қазіргі балалар офтальмологиясы бұрынғыдан әлдеқайда технологиялық салаға айналды. Бүгінде оптикалық когеренттік томография (ОСТ), компьютерлік рефрактометрия, кератотопография, ультрадыбыстық зерттеу, көздің алдыңғы және артқы сегменттерін жоғары дәлдікпен зерттейтін құрылғылар қолданылады. Ал жасанды интеллекттің мүмкіндігі өте қызықты. Ал көз түбінің суреттерін талдау, белгілі бір патологияларға күдікті жағдайларды скрининг арқылы анықтау, миопия қаупін бағалау сияқты бағыттарда дамып келеді.

Бірақ бір маңызды нәрсені атап өткім келеді: Ал дәрігер бола алмайды. Ол дәрігердің диагностикалық мүмкіндігін кеңейтетін құрал болуы керек. Соңғы диагнозды баланың шағымдары, анамнезі, толық офтальмологиялық тексеруі және зерттеу нәтижелерінің жиынтығы бойынша офтальмолог қояды.

– Озық мемлекеттерде қолданылып жүрген, бірақ Қазақстанда әлі кең таралмаған қандай технологияларды енгізу маңызды?

– Менің ойымша, Қазақстан үшін ең маңызды бағыттардың бірі – балалардың көз ауруларын ерте анықтайтын технологияларды кеңінен енгізу. Әсіресе, нәрестелер мен балдырғандардың көру қабілетін объективті түрде скринингтен өткізу маңызды. Өйткені, бала әлі сөйлей алмайтын немесе өзінің көруінің төмен екенін түсіндіре алмайтын кезеңде ауруды анықтау мүмкіндігі өте жоғары болуы керек.

Сонымен қатар, шала туған нәрестелердегі ретинопатияны ерте анықтау және бақылау жүйесін жетілдіру, телемедицина мен цифрлық скринингті дамыту, балалардағы миопияны ерте анықтау және оның үдеуін бақылау технологияларын кеңінен енгізу маңызды деп ойлаймын.

Меніңше, болашақтағы негізгі бағыт – ауруды асқынған кезде емдеу емес, оны ертерек анықтап, баланың көру қабілетін жоғалтпай тұрып алдын алу.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШ.
(Сурет: ашық дереккөзден).



ЖҮЛДЕГЕ ТОЛЫ ҚОРЖЫН

Көрші елде көшпенділер ойындары аяқталды

Қазақстан құрамасы 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғызстанда өткен VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысты.

Көшпенділер мәдениетін дәріптейтін жарыста 113 елден 3 мыңға жуық спортшы бақ сынады. Қазақстан құрамасынан жарыс регламентінде бекітілген 42 спорт түрі бойынша 152 спортшы қатысты. Оның ішінде алматылықтар да бар. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, жарыс қорытындысы бойынша отандық спортшылар 74 медаль жеңіп алды – 32 алтын, 20 күміс және 22 қола жүлде. Спортшыларымыз аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі, алыш, армрестлинг, арқан тартыс, тоғызқұмалақ, мангала, дәстүрлі садақ ату, ат жарысы және басқа да ұлттық спорт түрлерінен жеңімпаз және жүлдегер атанды.

Қазақстандық жанкүйерлерге ерекше қуаныш сыйлаған сайыстардың қатарында арқан тартыс бар. Жерлестеріміз 8x8, 4x4 және 1x1 санаттарының барлығында алтын медаль алды. Одан бөлек, 60, 70, 90, 100 келі салмақтары бойынша аударыспақта қазақ жігіттері елге жеңіс сыйлады. Дәстүрлі түрде спортшыларымыз қол күрестен оқ бойы озық болып, 7 алтын олжалады. Құнан бәйге,



аламан бәйге және 300 шақырымға созылған ат жарысында да қазақ елінің сәйгүліктері бірінші келіп, Қырғызстан-

дағы жарысқа көз тіккен жанкүйерлерді қуантты. Сонымен қатар, 60 метр қашықтықтан «Пута» нысанасына садақ атудан Аяш Қабдолланың жеңісі де қоғам арасында кеңінен талқыланды. Екі жыл бұрын ғана қолына садақ ұстап, 51 жасында әлемдік додада топ жарған оның оқиғасы көпке үлгі болды. Алматылық спортшылар арасында бүркітпен құсбегіліктен Арман Құшқаров күміс алса, ал Каримжан Құрбанжанов басқарған «Гүлсара» есімді тұлпар ұшқыр бәйгеде топ жарды. Көпшілік көз тіккен тағы бір ұлттық жарыс – көкпарда финалға жеткен қазақстандық команда күміс жүлдені қанжығаларына байлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ұлттық құрамасын VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында табысты өнер көрсетуімен құттықтады. Президент осынау жоғары нәтижеге спортшыларымыз тайсалмас табандылықтың, жанқиярлық еңбек пен мұқалмас ерік-жігердің арқасында жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысы чемпиондар мен жүлдегерлерге, бапкерлер құрамына және барша мамандарға шынайы ризашылығын жеткізіп, мұндай ерен жетістіктер Қазақстанның ұлттық спорт түрлері дамыған ел ретінде халықаралық беделін асқақтата түсетінін айтты.

Досбол АТАЖАН.

(Сурет: Ұлттық және ат спорты орталығы).

Аламан бәйгеде топ жардық

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының төртінші күнінде өткен бәйгеде Қазақстан құрамасы барлық жүлдені еншіледі. Әлемдегі ең жүйрік тұлпарлар жиналған тартысты доданы біз де Шолпан-Ата ипподромынан тамашалап, жарыс соңында осы жеңісті сыйлаған шабандоздар мен бапкерлермен тілдесудің орайы келді.



Аламан бәйгеде «Айман» тұлпары бірінші келіп, алтын медаль иеленді. Сәйгүлікті тақымдаған 13 жасар Нұрасыл Бекбатыр үшін 25 шақырымдық сайыс оңай болмапты.

«Қарсылас өте көп, әрі мықты. Аттары да осал емес. Бапкерім басында атты ақырын ұстап отырып, соңғы екі-үш айналым қалғанда ғана алға шығар деді. Соның арқасында бірінші келдік. 10 жасымнан бері бәйгеге шауып келемін. Көшпенділер ойынындағы жеңісім – ең үлкен жетістігім», – дейді Нұрасыл.

Екінші орын «Көксерек» тұлпарымен шапқан Асылжан Төлегенге бұйырса, Ерсұлтан Жарқынның «Қарағаш» атты сәйгүлігі үшінші келді.

Бәйгеге бес ат баптап барған жаттықтырушы Жамбыл Бөбекбай үшін бұл дода ойдағыдай өткен. Ол жарысқа Қазақстан чемпионатының кезеңдерінде сыналып, жүлде алып жүрген ең мықты сәйгүліктерін дайындаған.

«Құнаным жетінші болып келді. Топ бәйгеге бір ат қосқан едім, бірінші орынды иелендік. Ал аламан бәйгеге үш ат қостым: біреуі жарыс жолынан шығып қалды, қалған екеуі үшінші және төртінші болып мәреге жетті», – дейді бапкер.

Жамбыл Бөбекбай аттарын өткен жылғы бәйге маусымы ашылғаннан бері дайындаған.

«Жарыс кезінде шабандоз балалармен рация арқылы үнемі байланыста болдым. Қай жерде шауып, атты қай кезеңде демалдыру қажет – бәрін айтып, бағыттап отырдым. 18 шақырымдық топ бәйгеде бірінші келіп, тамаша нәтиже көрсеттік. Бір ай бұрын бұл жерде қоралардың бірі де жоқ еді. Ал қазір барлығын қонақтарға арнап, өте жоғары деңгейде жасап қойыпты. Жалпы, көңілімізден шықты», – дейді ол.

Қазақстандық шабандоздардың өнеріне шетелдіктер де тәнті. Бәйгені көрген австралиялық туристер алаң маңына арнайы келіп, біздің балалармен тілдесті.

«Мұндай жарысты алғаш рет көріп тұрмыз. Аттардың жарысын тамашалау осыншалық әсерлі болады деп ойламаппын. Балалардың шеберлігі таңқалдырды. Жас шабандоздарға ризамыз», – деді Мартин Шмидт.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖАТТЫҒУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Алматыда жүгіруді енді бастаған жандар мен тәжірибелі спортшыларға арналған тегін жаттығулар өтеді. Бұл туралы қалалық Спорт басқармасының өкілдері айтты.

Almaty Marathon – «Бірінші болу баetylдық» корпоративтік қоры ұйымдас-тырған жаттығу әр сәрсенбі және сенбі күндері Орталық стадионда өтеді. Қатысушылар кәсіби жаттықтырушылардың жетекшілігімен жаттығып, жүгіру тех-ни-касын және жүктемені дұрыс бөлуді үй-ренеді. Алдын ала тіркелу қажет емес, жаттығудың нақты уақыты @orenrunam Telegram арнасында жарияланады.

Бұдан бөлек, әр жексенбі сайын қала-ның түрлі бағыттарында Community Almaty Run тегін жүгіру жаттығулары ұйымдастырылады. Қатысушылар өзіне қолайлы қашықтықты таңдай алады. Жүгіруден кейін дайындық, қалпына келу, тамақтану және жарақаттың алдын алу тақырыптарында ашық дәріс өтеді. Кесте @runalmatymarathon Telegram ар-насында жарияланады.



– Әдетте жаттығу денені қыздырудан, жүгіруден, баяулап тынысты қалпына келтіруден және созылу жаттығуларынан тұрады. Жүгіруді енді бастағандарға өзі-не ыңғайлы қарқынды таңдап, алғашқы жаттығу екенін жаттықтырушыға алдын ала айту ұсынылады. Жаттығуға ыңғайлы спорттық киім, жүгіруге арналған аяқ-

киім және су жеткілікті, – дейді Алматы қаласы Спорт басқармасының өкілдері.

Айта кеткен жөн, Алматы әкімдігінің қолдауымен биыл 27 қыркүйекте мерей-тойлық 15-ші Almaty Marathon өтеді. Оған 60-тан астам елден 16 мың қатысу-шы жиналады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

4,1 млн тонна

Қазақстанда жиналған коммуналдық қалдық көлемі

1,5 млн тонна

сұрыпталған коммуналдық қалдық көлемі

9,4%

елде сұрыпталған макулатура мен картонның үлесі

9%

сұрыпталған пластиктің үлесі

846 кәсіпорын

Қазақстанда коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдаумен айналысқан ұйымдар саны

Алматы бойынша:

168 сынама

2026 жылдың бірінші тоқсанында микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген ауыз су сынамаларының саны

23,5%

2024 жылы коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі

17,12%

2022 жылы коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі

84%

республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда сарқынды суларды тазарту деңгейінің 2026 жылға арналған жоспарлы көрсеткіші

85%

сарқынды суларды тазарту деңгейінің 2026 жылға арналған жоспарлы көрсеткіші

92%

сарқынды суларды тазарту деңгейінің 2027 жылға арналған жоспарлы көрсеткіші

375 км

2023–2026 ж. арық жүйелерін салу және реконструкциялау бойынша жоспарланған желі ұзындығы

500 км

2023–2026 ж. жауын-шашын көріздерін салу және реконструкциялау бойынша жоспарланған желі ұзындығы

19 жоба

2022–2026 ж. сумен жабдықтау, су бұру және тазарту құрылыстарының өндірістік процестерін автоматтандыру бойынша жоспарланған жобалар саны

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Қалдықтың да құны бар

Краннан аққан судың қайдан келіп, қандай жолдан өтетінін, ал жәшікке тасталған қоқыстың кейін не болатынын көп жағдайда ойлай бермейміз. Алайда, қаланың тазалығы мен экологиялық жағдайы осы қарапайым әрекеттерімізге тікелей байланысты. Суды үнемдеп, қалдықты сұрыптап, өңдеуге тапсыру – табиғатты қорғаудың қолжетімді жолдары. Алматыда бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Қайта өңдеуге жиналған қалдықтың көлемі қанша және ол қалай жаңа өнімге айналады? Бұл сұрақтардың жауабы қаланың су тазарту, сумен жабдықтау, ағынды суларды бұру және қалдықтарды басқару жүйелеріне үйілгенде көрінеді.

Тіршілік көзі

Экологияны сақтау – тек табиғатты қорғаумен шектелмейді, ресурсты ұқыпты пайдаланып, заманауи технологияларды енгізу мен қалдықты жаңа мүмкіндікке айналдыру да маңызды. Сумен жабдықтау жүйесінің міндеті – тұрғындарға қауіпсіз ауыз су жеткізу. Ал су бұру жүйесі пайдаланылған суды жинап, тазартуға бағытталған. Бұл екі үдеріс бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, су неғұрлым тиімді пайдаланылса, тазартуға және бұруға түсетін жүктеме де соғұрлым азаяды.

2026 жылғы бірінші тоқсанда Алматыда ауыз судың микробиологиялық көрсеткіштері бойынша 168 сынама, санитариялық-химиялық көрсеткіштері бойынша тағы 168 сынама зерттелген. Сынақ нәтижесінде санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін су анықталмаған. Дегенмен, судың сапасын бақылау – мәселенің бір бөлігі ғана. Су желілерінің жай-күйі, ағынды суларды тазарту құрылыстарының тиімділігі және оны қайта пайдалану мүмкіндігі де маңызды. Ұлттық деңгейдегі тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жоспарында сумен жабдықтау желілерінің тозуын 2025 жылғы 37,9 пайыздан 2027 жылы 36 пайыз, ал су бұру желілерінің тозуын 53,9 пайыздан 50 пайыз төмендету көзделген.

Тіршілік көзін үнемдеу ірі жобаларға ғана байланысты емес. Кранды ашық қалдырмау, құбырды уақытында жөндеу, тұрмыста суды мөлшермен пайдалану сияқты қарапайым әрекеттер де ортақ нәтижеге әсер етеді. Ал өндірісте суды қайта айналымға қосу, тазартылған суды техникалық мақсатта пайдалану секілді технологиялар табиғи су көздеріне түсетін қысымды азайтуға мүмкіндік береді.

Қоқыс та ресурс

Қалдықтарды басқару жүйесінің тиімділігі оның қаншалықты тез жиналып, шығарылғанымен ғана бағаланбайды. Қоқыстың қанша бөлігі қайта пайдалануға немесе қайта өңдеуге жарамды күйде сақталатыны – көкейдегі басты сұрақ.

Былтыр Алматыда 595 502 тонна тұрмыстық қатты қалдық жиналып, оның 111 308,78 тоннасы қайта өңделген. Бұл – 18,7 пайыз. Ал Қазақстан бойынша 2025 жылы 4,1 млн. тонна коммуналдық қалдық жиналған. Оның 1,5 млн. тоннасы сұрыпталған (қалдық көлемі бір жылда 16,3 пайыз өскен). Қала бойынша коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату көрсеткіші 2022 жылғы 17,12 пайыздан 2024 жылы 23,5 пайызға жеткен. Бұл көрсеткіштер қалдықты сұрыптау мен қайта өңдеу бағытындағы жұмыстардың біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді. Алайда, қалдықты азайтудың ең тиімді жолы – пайда болғаннан кейін ғана басқарып қоймай, оның тұтыну әдетін өзгерту. Яғни қажетсіз затты сатып алмау, бар бұйымды ұзақ пайдалану, жөндеу, айырбастау және басқа адамға беру – экологиялық жауапкершіліктің маңызды бөлігі.

100 тоннаға жуық шикізат

Мегаполисте осы бағытта бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Greenup.kz қоғамдық қоры мен Recycle Бірге экологиялық қозғалысы қалдықты бөлек жинау мен саналы тұтынуды насихаттап келеді. Қор 2019 жылдан бері жұмыс істейді. Оның жобаларының бірі – қайта өңдеуге арналған шикізатты жинау, заттарды қайта пайдалану, кітап пен өсімдік алмасу, экологиялық шеберлік сабақтары мен дәрістер өткізу.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бір акцияға орта есеппен 1,5–2,5 мың адам қатысады. Әр шарада 4–4,5 тоннаға дейін қайталама шикізат жиналуы мүмкін. Ал Дармарка алаңында ай сайын шамамен, 1,5–2 тонна зат жаңа иесін табады.

«Жобамыздың мақсатының бірі – қолданылған заттарға екінші өмір сыйлау. Бұл оларды мақсатына сай қайта пайдалану, апсайклинг немесе қайта өңдеу арқылы жүзеге асады. Мұның арқасында табиғи ресурсты пайдалануды азайтып, күн сайын полигонға жіберетін қоқыс көлемін қысқартуға болады», – дейді Greenup.kz қоры мен «Recycle Бірге» экологиялық қозғалысының өкілі Камила Әкімбекова.

Қор жұмыс істеген жылдары 36-дан астам үлкен қалалық экологиялық акция мен 60 Дармарка өткізілген. Жиналған қайталама шикізат көлемі 100 тоннаға жуықтаған. Бұдан бөлек, ондаған тонна киім, аяқкиім, кітап, ойыншық және тұрмыстық зат қайта пайдалануға жіберілген. Экологиялық дәрістер мен шеберлік сабақтарына 100 мыңнан астам адам барыпты.

Биыл Алматыда «Recycle Біргенің» алты ірі акциясы өтіп, оларға 10 мыңнан астам адам қатысқан. Осы уақыт ішінде шамамен, 20 тонна қайталама шикізат қайта өңдеуге тапсырылып, 10 тоннадан астам зат қайта пайдалануға және түрлі жобаға берілген.

Камила Әкімбекованың пікірінше, мұндай жобалардың маңызы – тек жиналған қалдық көлемінде емес. Адам үйіндегі қажетсіз заттарын реттеп, олардың қаншалықты көп екенін көргенде, «мұның бәрін сатып алу қажет болды ма?» деген сұрақ қоя бастайды. Демек, қайта

пайдалану мәдениеті тұтыну әдетін де өзгертуге ықпал етеді.

Киімнің «екінші өмірі»

Қалдықтың ішінде тоқыма бұйымдарының да орны ерекше. Қаладағы «FABRIQA» жобасы 2025 жылы шамамен, 700 тонна тоқыма бұйымдарын жинаған. Жоба 2025 жылдың ақпанында іске қосылған.

«Кейбір контейнерлер босағаннан кейін үш-жеті сағатта қайта толып қалатын. Біз киімдерді алып үлгермей жаттық. Бір жарым жыл ішінде тұрғындар киім әкелуді тоқтатқан жоқ. Керісінше, бокстар туралы көбірек білген сайын, олар соғұрлым тез тола бастады», – дейді жоба авторы Денис Лекомцев. Оның сөзінше, жиналған тоқыма бұйымдарының шамамен, 70%-ы зауыттарда, автосервистерде және құрылыс алаңдарында сұртуға арналған материалға қайта өңделеді. Тағы 10 пайызы қайырымдылыққа беріледі.

Ал 1–1,5% секунд-хенд арқылы қайта пайдалануға қайтарылады. Жиналған көлемнің 18–19% қайта өңдеуге жарамсыз болып қалады. Бұл деректер тоқыма қалдығын басқаруда сұрыптаудың маңызын көрсетеді. Киім құрғақ әрі таза күйде тапсырылса, оны қайта пайдалануға немесе өңдеуге мүмкіндік жоғары болады. Ал қоқыс контейнеріне түскен тоқыма су болып, ластанғаннан кейін қайта өңдеуге жарамсыз болуы мүмкін.

Д.Лекомцев қайта өңдеудің заттың өмірлік цикліндегі соңғы кезең екенін айтады. Оған дейін киімді басқа адамға беру, айырбастау, жөндеу немесе қайта сату сияқты мүмкіндіктерді қарастырған жөн. Өйткені, затты ұзақ пайдалану жаңа өнім өндіруге кететін ресурсты азайтады.

Қалдықтарды қайта өңдеу қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтып қана қоймай, жаңа өндірістерге де мүмкіндік береді. FABRIQA жобасының тәжірибесі көрсеткендей, ескі тоқыма бұйымдары сұртуға арналған материал, жылу және дыбыс оқшаулағыш, геотекстиль, матрац пен жастыққа арналған толтырғыш сияқты өнімдерге айнала алады.

Жоба авторы Қазақстанда термокиіз және басқа да тоқыма емес материалдар өндірісін дамытуға мүмкіндік бар екенін еске салды. Оның пікірінше, бұл бағыт экологиялық мәселені шешуге, импортты алмастыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға қатар ықпал ете алады. Сондықтан қалдықты басқаруды су ресурстарын үнемдеу, өндірісті жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу, қайта өңдеу нарығын дамыту және тұрғындардың күнделікті әдетін өзгерту сияқты бірнеше міндетті біріктіретін сала деп қарастырғанымыз жөн.

Шаһарда бұл бағыттағы бастама көбейіп келеді. Бірақ жүйенің нәтижелі болуы үшін тұрғындарға қалдықты қайда тапсыру керегін ғана емес, оны қалай азайтуға болатынын да түсіндіру маңызды. Өйткені, экологиялық мәдениет қоқыс жәшігінен емес, күнделікті таңдаудан басталады.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 21 тамыздағы №330 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 2 қыркүйекте №229507 болып тіркелді.

ШЕШІМ**2026 жылғы 21 тамыздағы****№330****Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешім-дерінің күші жойылды деп танылсын.
- «Алматы қаласы Мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тірке-луін;
- осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы**М.ОТЫНШИЕВ***Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 21 тамыздағы
№330 шешіміне қосымша***Алматы қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

- «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жылғы 29 маусымда-ғы №450 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №900 болып тіркелген).
- «IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жыл-ғы 29 маусымдағы №450 «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №257 шешімі (Нормативтік құ-қықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1088 болып тіркелген).
- «IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының «Алматы қаласы-ның Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» 2011 жылғы 29 маусым-дағы №450 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1314 болып тіркелген).
- «IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» 2011 жылғы 29 маусымдағы №450 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының LIV сессиясының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №394 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1584 болып тіркелген).
- «Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы №450 «Алматы қаласы-ның Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясының 2024 жылғы 21 ақпандағы №88 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1754 болып тіркелген).

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 21 тамыздағы №331 шешімі Қазақстан Рес-публикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 3 қыркүйекте №229638 болып тіркелді.

ШЕШІМ**2026 жылғы 21 тамыздағы****№331****«Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару ту-ралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына, Қазақ-стан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы №279-НҚ бұйрығымен бекітілген «Облыстың (қаланың, аудан-ның) құрметті азаматы» атағын берудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №38935 болып тіркелген), Алматы қаласының мәсли-хаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Қоса беріліп отырған «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру қағидалары бекітілсін.
- «Алматы қаласы Мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тірке-луін;
- осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы**М.ОТЫНШИЕВ***Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 21 тамыздағы
№331 шешімімен бекітілген***«Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру қағидалары****1-тарау. Жалпы ережелер**

- Осы «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы №279-НҚ бұй-рығымен бекітілген «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын берудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №38935 болып тіркелген) және «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру тәртібін айқындайды.
- Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын (бұдан әрі – «Құрметті азамат» атағы) беру елеулі еңбек сіңірген азаматтардың көпжылдық жемісті қызметін және бастамашылығын қоғам тарапынан тану әрі ынталандыру болып табылады, сондай-ақ азаматтардың еңбек және қоғамдық белсенділігін арттыруға ба-ғытталған.
- «Құрметті азамат» атағы Алматы қаласында кемінде 10 жыл еңбек еткен, келесі талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетел азаматтарына беріледі:
- 1) кәсіби немесе азаматтық міндетін орындау кезінде көрсеткен ерлігін үшін, сондай-ақ заңдылық және құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін;
- 2) мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы нәтижелі еңбегі үшін, сондай-ақ Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін;
- 3) қоғамдық қызметтегі жетістіктері мен қайырымдылық қызметі үшін;
- 4) Алматы қаласындағы спорт, мәдениет, ғылым, білім, денсаулық сақтау, құрылыс, кәсіпкерлік, бизнес және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға қосқан үлесі үшін;
- 5) тәуелсіз және егемен Қазақстанның тұтастығын сақтауға, этносаралық қатынастар мен келісімді, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген ерен еңбегі үшін.

2-тарау. «Құрметті азамат» атағын беру тәртібі

- «Құрметті азамат» атағына ұсынылушының әрқайсысына Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес ны-сан бойынша награда қағазы толтырылады.
- «Құрметті азамат» атағын беру туралы қолдауаттар Алматы қаласының әкімдігімен, шығармашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен еркін нысанда енгізіледі.
- Награда қағазында «Құрметті азамат» атағына ұсынылатын тұлғаның жеке басы, тиісті қызмет саласын-дағы жұмысының жалпы еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер, нақты сіңірген еңбегі, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер баяндалады.
- Награда қағазына ұйым басшысы қол қояды және қол қойған ұйымдардың мөрлерімен расталады.
- «Құрметті азамат» атағына ұсынылғандардың әрқайсысына ұсыным жеке дайындалады.
- Алматы қаласының әкімдігі жаңындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия) отырысына дейін отыз күннен кем мерзімде келіп түскен награда құжаттары қарауға қабылданбайды.
- Награда қағазын Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия ресімдейді.
- Медальдер мен оларға куәліктерді дайындау, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау Алматы қал-асы әкімінің аппаратына жүктеледі.

- Өз кандидатураларын ұсынған тұлғалардан келіп түскен «Құрметті азамат» атағын беру туралы қол-дауаттар қаралмайды.
- Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағына ие тұлғаны қайта ұсынуға жол берілмейді.
- «Құрметті азамат» атағын беру қайтыс болғаннан кейін еліміздің мүддесін қорғау кезінде және адам өмірін құтқаруға байланысты жағдайларда көрсеткен батылдығы, ерлігі, қаһармандығы үшін жүзеге асыры-луы мүмкін.
- Қолдауат Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияда қаралады.
- Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімі ұсыныс сипатында болады және оның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.
- «Құрметті азамат» атағы әр екі жыл сайын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел аза-маттарының он тұлғаға дейін берілуі мүмкін.
- Алматы қаласының мерейтойлық күніне орай «Құрметті азамат» атағын қосымша әр бес жыл сайын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарының бес тұлғаға дейін берілуі мүмкін.
- Алматы қаласы әкімінің ұсынысы бойынша қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей зілзалааның неме-се өзге де авариялық жағдайлардың салдарын жоюға немесе алдын алуға көмек көрсеткен Қазақстан Респу-бликасының азаматтары мен шетел азаматтарына «Құрметті азамат» атағы берілуі мүмкін.
- «Құрметті азамат» атағын беру туралы тиісті мәслихаттың шешімі жергілікті масс-медиада жарияла-нады.
- «Құрметті азамат» атағы:
- 1) «Құрметті азамат» атағына ұсынылған кезде өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғаларға;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған тұлғаларға берілмейді.

3-тарау. Медаль мен куәлікті тапсыру тәртібі

- «Құрметті азамат» атағын беру туралы тиісті мәслихат шешімі күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде аталған атақ берілген тұлғаға салтанатты түрде «Құрметті азамат» атағына медаль мен куәлік тапсырылады.
- «Құрметті азамат» атағына медаль мен куәлікті Алматы қаласының әкімі немесе Алматы қаласы мәсли-хатының төрағасы тапсырады.
- Медаль мен куәлікті тапсырар алдында Алматы қаласы мәслихатының «Құрметті азамат» атағын беру туралы шешімі жария етіледі.
- «Құрметті азамат» атағы берілген тұлғаға медаль мен куәлік жеке тапсырылады.
- Егер «Құрметті азамат» атағы берілген тұлға денсаулық жағдайына байланысты тапсыруға келе алмаса, медаль мен куәлік оның орналасқан жерінде тапсырылуы мүмкін.
- Қайтыс болғаннан кейін «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медаль қайтыс болған тұлғаның отбасы мүшелеріне тапсырылады.
- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып қайтыс болған тұлға-ның мұрагерлерінің келісімімен ресімделген «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медальді музейлерге сақтауға берілуі мүмкін.
- Мұрагерлері болмаған жағдайда «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медаль музейлерге сақтауға беріледі.
- «Құрметті азамат» атағына медаль осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайында-лады.
- «Құрметті азамат» атағы берілген әрбір тұлғаға медальді тапсырумен бір мезгілде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша медальға куәлік беріледі.
- «Құрметті азамат» атағына берілетін куәлікке Алматы қаласы мәслихатының төрағасы қол қояды.
- Медальдер мен оларға берілетін куәліктерді дайындауға жұмсалатын шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

- Соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда «Құрметті азамат» атағынан айыру Алматы қал-асы мәслихатының шешімімен жүзеге асырылады.
- «Құрметті азамат» атағынан айырылған тұлға осы атақты қайта алуға ұсыныла алмайды.

*1-қосымша
«Алматы қаласының
Құрметті азаматы» атағын
беру қағидаларына***НАГРАДА ҚАҒАЗЫ**

- Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____
- Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____
- Лауазымы, жұмыс, қызмет орны (кәсіпорын, мекеме, ұйым бөлімшесінің нақты атауы дәл көрсетілуі керек) _____
- Жынысы _____
- Туған жылы мен туған жері _____
- Білімі _____
- Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
- Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен нағрадталған және нағрадталған уақыты: _____
- Үйінің мекенжайы: _____
- Жалпы жұмыс өтілі _____
- Саладағы жұмыс өтілі _____
- Тиісті қызмет саласындағы еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер _____
- Нағрадталушының нақты айрықша еңбегін сипаттайтын мінездеме: _____
- Кандидатура (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы _____
- _____ талқылау болған уақыт,
- _____ талқыланып, ұсынылған.
- _____ (қолы)

*2-қосымша
«Алматы қаласының
Құрметті азаматы» атағын
беру қағидаларына***1. Медальдің эскизі мен сипаттамасы:**

Медальдің аверсі	Медальдің реверсі
Медаль аверсінің ортасында өңірлік нышанның бейнесі. Жоғарғы шеткі бөлігін бойлай «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» деген жазу жазылады	Реверсінде медальдің реттік нөмірі орналасқан.

«Алматы қаласының Құрметті азаматы» медалі металл бұйымнан жасалған медальдан және оның бекіткішінен, сондай-ақ медальдің лентасынан тұрады. Медаль диаметрі 80 мм жеті ұшы бар жұлдыз түріндегі ақ түсті металдан (күміс CrМ 925) жасалған, оның үстіне бұрыштарында дөңгеленген сегізұшты фигуралы пішіндері бар диаметрі 71 мм сары түсті металдан (алтын жалатылған күміс CrМ 925) әзірленген жетіұшты қосалқы қаптама жапсырылған. Әрбір жетіұшты қаптамаға диаметрі 3,5 мм болатын 7 дана фианит бекітілген. Орталық бөлігінде қызыл, көк, ақ және көгілдір түсті эмальдан жасалған дөңгелек медальон орналасқан. Медальонның жиектеріне қазақтың ұлттық ою-өрнектері салынған. Медальонның ортасында алтынмен өр-нектеліп орындалған Алматы қаласы елтаңбасының бейнесі орналасқан. Қызыл фонда шеңбер бойымен алтын түспен қазақтың ұлттық ою-өрнегі бейнеленген және мемлекеттік тілде «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» жазуы жазылған. Медаль көгілдір түсті лентаға алтын ою-өрнегі бар қапсырмамен (34 мм) бекітілген.

2. «Алматы қаласының Құрметті азаматы» төсбелгісінің нысаны

«Алматы қаласының Құрметті азаматы» төсбелгісі диаметрі 20 мм күмістен (CrМ 925) жасалған, алтын жалатылған ақ түсті жетіұшты жұлдыз түрінде орындалған. Оның үстінде бұрыштары дөңгеленген, жетіұшты жұлдыз пішінді, ақ эмальмен қапталған сары түсті металдан жасалған жапсырма орналасқан. Орталық бөлігінде қызыл эмальдан жасалған дөңгелек эмаль медальон орналастырылған. Медальонның жиектерінде қазақтың ұлттық ою-өрнегі бейнеленген. Медальонның орта тұсында Алматы қаласының елтаң-басы ақпен өрнектеліп орналастырылған.

*3-қосымша
«Алматы қаласының
Құрметті азаматы» атағын
беру қағидаларына*

Куәлік эскизі:	
Куәліктің алғы сол жағы	Куәліктің алғы оң жағы
(Медальдің суреті)	Алматы қаласы № куәлік ТАӘ (ол болған жағдайда) Мәслихаттың шешімі жазылады Алматы қаласы мәслихаты төрағасының қолы мен мөрі
Куәліктің артқы сол жағы	Куәліктің артқы оң жағы
	Алматы қаласының өңірлік нышанының бейнесі

«Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 87-бабының 4-тармағына және «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрығының 4-тарауына сәйкес Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша (Алматы қаласы, Бостандық ауданы) жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Жария талқылаулар 2026 жылғы 19 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында келесі мекенжай бойынша өткізіледі: https://ndbecology.gov.kz/. Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген мерзім ішінде https://ndbecology.gov.kz/ порталы арқылы. Бастамашы: «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» PMM, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Сүртібаев көшесі, 1/1, БСН 960540000718, тел.: 8 (7272) 297-07-72, e-mail: alataupark@mail.ru. Жобалаушы: «Терра» «Қашықтықтан зондтау және ГАЖ орталығы» ЖШС, тел.: +7 (727) 236-08-74, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктөбе» шағынауданы, Роза Бағланова көшесі, 83-үй, БСН 990240008036, e-mail: info@gis-terra.kz. Жоба Ұлттық деректер банкінің порталында және жергілікті атқарушы органның ресми сайтында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476 («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде).	
---	--

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сейтмбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқасым МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА... «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

Алматыда испаниялық әнші, латын музыкасының жұлдызы Энрике Иглесиастың жеке концерті өтті.

Бұл жолы Орталық стадионға мыңдаған жанкүйер Энрике Иглесиастың әндерін шырқауға жиналды. Әлемге әйгілі әншінің өнерін тамашалау үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен және шетелден жанкүйерлер келді. Солардың бірі – Лос-Анджелестен келген Кристина. Ол Энрике Иглесиастың әндерін мектеп кезінен бері тыңдайды екен. Кристина сүйікті әншісің сахнадан көру және жастық шағын еске салатын сүйікті әндерін жанды дауыста тыңдау үшін Алматыға арнайы келген.

– Мен бұл шаһарға алғаш рет келіп отырған жоқпын. Бұл қала маған өте ұнайды. Алматы өте әдемі әрі жасыл қала, мұнда ерекше көңіл күй бар. Осындай әлемдік деңгейдегі жұлдыздың концерті дәл осы қалада өтіп жатқанына өте қуаныштымын, – деді ол.

Музыкалық кешке гүл алып, не баннер жасап, арнайы дайындалып келген адамдар да аз болмады. Мәселен, Әйгерім атты қала тұрғыны «Энрике, мені бір құшақтасаң жетеді» деген баннерді қолдан жасап әкелген. Ол испаниялық әншіге бала кезден жанкүйер екенін айтты.

– Ес білгелі, 2000 жылдардан бері Энрикенің әндерін сүйіп тыңдаймын. Оның концерті Қазақстанда болса деп әрдайым армандайтынмын. Сүйікті әншімнің концертін Алматыда тамашалау мен үшін ерекше сәт, – дейді ол.

Жалпы, музыкалық кеш алдында стадионның айналасында мерекелік атмосфера орнады. Волонтерлар әркімге өзінің кіру есіктерін табуға көмектесті. Ал Таза-



Энрике Иглесиас:

«АЛМАТЫ, СЕНІ СҮЙЕМІН!»



бек маскоты айналы таза ұстауға шақырып, келушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Концерт белгіленген уақыттан сәл кеш басталғанымен, жиналған қауымның көңілінен шықты. Әнші Hero, Bailamos, Escape, Tonight, Bailando, Ring my bells және

Heartbeat сынды өзінің танымал әндерін орындады. Сондай-ақ, Энрике кеш кезінде Алматыға деген ықыласын қазақ тілінде білдірді. Музыкалық кеш ауқымды отшашумен аяқталды. Ал іс-шарадан кейін көрермендерді қаланың әр тұсына тегін шаттл-автобустар тасымалдады. Олар стадион алдынан жағынан жолға шығып, 5 бағытта: әуежай, «Орбита» шағынауданы, Алматы-1 теміржол вокзалы, Райымбек-Алатау көшелерінің қиылысы және «Алматы аренаға» жүрді.



Бұл көрермендерге концерт аяқталғаннан кейін қаланың негізгі көлік тораптары мен аудандарына жылдам жетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, іс-шара кезінде қалада қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Орталық стадион мен оған іргелес аумақта 2 мыңға

жуық полиция қызметкері жұмылдырылды. Құқық қорғау органдары күшейтілген режимде жұмыс істеп, қоғамдық тәртіпті, көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Досбол АТАЖАН.

ОТБАСЫ КҮНІ

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КҮНДЕР

Елімізде 7-13 қыркүйек аралығында өтетін Отбасы күніне арналған апталық басталды. Отбасы күні дәстүрлі түрде қыркүйектің екінші жексенбісінде аталып өтеді.

Апта бойы еліміздің өңірлерінде отбасы құндылықтарын дәріптеуге, жанұядағы қарым-қатынас мәдениетін дамытуға және саналы ата-ана болудың маңызын түсіндіруге бағытталған ақпараттық, танымдық және қоғамдық іс-шаралар болады.

«Апталықтың әр күні жеке тақырыпқа арналады. Бағдарлама ұрпақтар сабақтастығы, саналы түрде отбасын құру, бала денсаулығы мен қауіпсіздігі, отбасы берекесі және ата-ана мен баланың бірге уақыт өткізуі секілді маңызды тақырыптарды қамтиды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде «Отбасымыздың бір күні» ұранымен жалпыұлттық #Otbasyum2026 челленджі өтеді», деп хабарлады Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Отбасы күні алғаш рет 2013 жылы аталып өтті. Сол кезде «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер» туралы Жарлыққа өзгеріс



енгізіліп, «Отбасы күні» қыркүйек айының екінші жексенбісіне белгіленді. Осыдан кейін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жарияланды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

КИНОКЕҢІСТІК

«38. Соңғы нүкте» көркем фильмі үлкен экранға шықты. Кинокартина кең прокатқа жол тартпас бұрын Астана мен Алматы көрермендеріне таныстырылды. Бұл – драма және катастрофа жанрында түсірілген туынды.

«Фильм күн сайын өз міндетін атқарып, өзгелердің өмірі мен қауіпсіздігі үшін тәуекелге баратын азаматтардың еңбегі мен ерлігін арқау етеді. Шын мәнінде, олар – бүгінгі заманның нағыз батырлары. Олардың қатарында полиция қызметкерлері, өрт сөндірушілер, дәрігерлер, құтқарушылар, әскери қызметшілер және басқа да мамандар бар. Бұл туынды, сондай-ақ, қызметтік міндетін атқару кезінде қаза болған азаматтардың ерлігіне тағзым. Ел үшін еңбек етіп, өз міндетін орындау жолында өмірін қиған азаматтардың есімі ұмыт қалмауы керек. Осындай фильмдер арқылы біз олардың ерлігін ұлықтауды маңызды деп санаймыз», – дейді Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының төрағасы Құрманбек Жұмағали.

Фильм сюжеті табиғат апатымен бетпе-бет келген орманшылардың оқиғасы арқылы өрбиді. Кейіпкерлердің тағдырын арқау ете отыра, картина адам өмірінің құндылығы, достық пен отбасы, борыш пен жеке таңдау тақырыптарын көтеріп, табиғатқа ұқыпты қарауға үндейді.

«38. Соңғы нүкте»



Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген кинокартина режиссері – Төребек Бейсебаев, продюсері – Нұржігіт Хайдар. Басты рөлдерді Асан Мәжит, Арман Уахитов, Алтыншаш Шаяхмет, Алмат Сака-тов, Төлепберген Байсақалов, Асылбек Әйтін және Мақсат Сабитов сомдайды.

Нұржамал ӘЛІШ.